

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің
«№11 «Таңшолпан» бөбекжай – бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны



31.08.2021ж

№1 педагогикалық кеңес шешімімен

«Бекітілді»

Бөбекжай-бақша директоры

С.Ж.Жанекешова

2021-2022 оқу жылына арналған
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша
жылдық перспективалық жоспары

ортаңғы топ (3 жастан бастап)

Қыркүйек айы, 2021 жыл
Өтпелі тақырып «Балабақша»

Мақсаты: Балаларды балабақша әлемімен таныстыру, балабақша өмірі туралы түсініктерін қалыптастыру. Балабақшада қызмет атқаратын ересектердің мамандықтарымен таныстыру арқылы үлкендердің еңбектерін бағалай білуге тәрбиелеу. Балабақша ішін және топ бөлмелерін еркін бағдарлай білуге тәрбиелеу.

Міндеті: Балалардың бойында балабақшаға деген, достарына деген сүйіспеншілік сезімді қалыптастыру. Бірлескен әрекетке қызығушылық дамыту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері -1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық» -3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1 апта, 1-3 қыркүйек	Менің балабақшам	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балабақшаға барар жолда» Мақсаты: Дене шынықтыру залымен таныстыра отырып, жаттығу жасап, шынығу денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіру.Саптізбекте өзінің орнын таба білуге үйрету,дене шынықтыру нұсқаушысының соңынан жүру,жүгіру. Нұсқаушының тапсырмасын тыңдай отырып, жүру, тоқтау дағдыларын бекіту.</p> <p>2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Міне, менің тобым осындай!» Мақсаты: Нұсқаушының белгісімен сапта жүрудің бағытын өзгертуді үйрету. Бағытты сақтап, педагогтің белгісі бойынша аялдап, саптізбекте жүруді үйрету. Шеңбер жасап сапқа тұра білуін бекіту. Ойын барысында бір-біріне деген достық қарым қатынасқа тәрбиелеу.</p> <p>3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз көңілді балалар» Мақсаты: Саптізбекте өзінің орнын таба білуге үйрету. Дене шынықтыру нұсқаушысының соңынан жүру, жүгіру. Нұсқаушының тапсырмасын тыңдай отырып, жүру, тоқтау дағдыларын бекіту. Шеңбер жасап сапқа тұра білуін бекіту.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Балабақша әлеміне қош келдің!» Мақсаты: Балаларды балабақша әлемімен таныстыру, балабақша өмірі туралы түсініктер қалыптастыру. Балабақшада қызмет атқаратын ересектердің мамандықтарымен таныстыру арқылы үлкендердің еңбектерін бағалай білуге тәрбиелеу. Балабақша ішін және топ бөлмелерін еркін бағдарлай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Орыс тілі Тема: «Игрушки» Цель: Учить детей понимать вопросы на русском языке и давать правильные ответы, называть игрушки, использовать в речи подходящие по смыслу глаголы и прилагательные, формировать понятие об обобщающих словах; Развивать понимание русской речи, фонетическое восприятие, внимание; Воспитывать интерес к занятиям по русскому языку.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Сәлем, сүйікті балабақшам!» Мақсаты: Бір және көп ұғымдарын үйрету. Балаларға заттардың бір немесе көп болу мағынасы мен олардың кеңестікте әрқалай орналасатындығы туралы түсіндіру. Заттарды біреу және көп топтарын салыстыру қабілетін бекіту.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Топқа саяхат» Мақсаты: Балаларды балабақша өмірімен таныстыру, балабақша ішін және топ бөлмелерін еркін бағдарлай білуге үйрету. «Балабақшада өте көңілді тұрамыз. Балалардың балабақша туралы білімдерін тиянақтау, және өзінің сүйіспеншілік сезімін білдіру «Балабақша –екінші үйіміз». Күні бойы балабақшада жасалатын іс-әрекеттерді, немен айналысатыны туралы әңгімелеуге ,өз ойын тиянақты айтуға үйрету .</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Балабақшаның айналасындағы қақпалар» Мақсаты: Тік төртбұрыш периметрі бойынша кірпіштерді белгілі бір арақашықтықта орналастыру арқылы құрылыс салуға үйрету.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Түрлі түсті қарындаштар» Мақсаты: Балаларды түзу бағытында жүргізуге баулу арқылы жоғарыдан төмен қарай түзу сызықтар сызуды үйрету, шығармашылық қабілеттерін, қол еңбегі арқылы ұсақ қол бұлшық еттерін, ой-қиялдарын дамыту.</p> <p>1.Музыка Тақырыбы: «Бақшаға барамын» (Ө.Байділдаев, К.Сүлейменов) Мақсаты: Өнді айта отырып түстерді ажырата білуге үйрету. Есту қабілетін дамыту.</p> <p>2.Музыка Тақырыбы: «Бақшаға барамын» (Ө.Байділдаев, К.Сүлейменов) Мақсаты:Өнді қайталатып, бірдей орындауға баулу . Бірғаққа ілесуге үйрету.</p>	

1.Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Менің сүйікті күшігім»
Мақсаты: Достық қарым-қатынасқа тәрбилей отырып, бір-біріне жақсы көңіл күй сыйлауға үйрету. Секіруді үйрету аяқтары бірге- аяқтары алшақ. Бір ырғақты сақтап, шеңбер бойымен жүріп үйренуін бекіту.

2.Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Айсұлмен ойнаймыз»
Мақсаты: Доптың қозалу бағытың сақтап, бір-біріне доп домалату. Секіріп аяқтарының тізелерін аздап бүгіп, аяқтарын бірге және алшақ қою.

3.Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Көңілді аттракцион»
Мақсаты: Секіруді үйрету аяқтары бірге- аяқтары алшақ. Бір ырғақты сақтап, шеңбер бойымен жүріп үйренуін бекіту. Доптың қозалу бағытың сақтап, бір-біріне доп домалату.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Ойыншықтар әлемі»
Мақсаты: Балалардың ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту. Сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастырып, ойыншықтардың аттарын атай отырып, сипаттай білуге үйрету. Ұқыптылыққа, достыққа, күтіп ұстауға тәрбиелеу

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Ойыншықтар» өлең
Н. Әлімқұлов
Мақсаты: Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес тақпақтың интонациясын сақтап айтуға үйрету. Балаларды өлеңді тындауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Сүйікті ойыншықтар»
Мақсаты: Шеңбер, үшбұрыш, шаршы геометриялық пішіндерін атау және тану біліктілігін жетілдіру. Қоршаған орта жағдайында бір және көп ұқсас заттарды табу біліктілігін дамыту.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Қуыршақ бізде қонақта»
Мақсаты: Өздеріне ұнаған ойыншыққа зерттеу жүргізіп, әңгімелеп айтып беруге үйрету. Балалардың мінез-құлқына қарапайым әдеп ережелерін (ойыншықтармен бөлісу) бекіту. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарап, әрекет ете білуге баулу. Балалар әрекетінде этикеттің қарапайым ережелерін бекіту.

Сурет салу
Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған сақина»
Мақсаты: балаларға ойыншықтар туралы түсінік бере отырып, дөңгелек пішінді заттардың суретін салуды үйрету арқылы екі түрлі қылқаламмен жұмыс істеуді, шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялдарын дамыту.

Жапсыру
Тақырыбы: «Түрлі – түсті доптар»
Мақсаты: Балаларға ойыншық туралы түсінік бере отырып, қиылған түрлі – түсті дөңгелек кесінділерді қағаз бетіне бағдарлай отырып жапсыруға үйрету арқылы балаларды талғампаздыққа тәрбиелеу. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.

1.Музыка
Тақырыбы: «Доп» (И. Нүсіпбаев)
Мақсаты: Музыкалық есту қабілеттерін арттыру, ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету.

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: «Біздің топтың ойыншықтары»
Мақсаты: Балаларды топтағы ойыншық тармен және олардың қасиеттерімен, түрлерімен таныстыру. Ойыншықтарды көріп, олардың аттарын атап, үлкен, кіші екенін ажырата білуге үйрету. Сонымен қатар ойыншықтарды зерттеу дағдыларын қалыптастырып, ойыншықтарға ұқыппен қарауға тәрбиелеу.

1.Дене шынықтыру**Тақырыбы:**

«Гүлдер мен көбелектер»

Мақсаты: Гүлдер, өсімдіктер жөнінде түсінік беру. Оларға қамқорлық жасау керектігін түсіндіру. Төрт тағандап еңбектеуге үйрету. Қонаққа келген үй жануарларымен бірге бір-біріне доп домату, қолдың доппен ұру күшін дамыту.

2.Дене шынықтыру**Тақырыбы:**

«Бөлме өсімдіктері»

Мақсаты: Бөлме өсімдіктерінің пайдасын түсіндіру. Шектелген алаң бойынша жүруде тепе-теңдік қалпын сақтауды үйрету. Қол мен тізеге сүйеніп, төрттағандап еңбектегенде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге үйрету .

3.Дене шынықтыру**Тақырыбы: «Орман»**

Мақсаты: Орманның пайдасын түсіндіру. Доп домату, қолдың доппен ұру күшін дамыту. Қол мен тізеге сүйеніп, төрттағандап еңбектегенде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге үйрету .

Сөйлеуді дамыту**Тақырыбы: «Гүлдер»**

Мақсаты: Балалардың табиғат бұрышындағы өсімдіктердің әсемдіктері туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, олардың өсетіндігі, солатындығы туралы білімдерін дамыту.

Орыс тілі**Тема:**«Обитатели живого уголка»

Цель: Развивать артикуляционный аппарат, называть некоторые предметы ближайшего окружения, учить правильно ставить ударение в словах при произношении. Уметь называть на русском языке виды растений и животных, которые имеются в уголке природы; Воспитывать бережное отношение к окружающему миру и питомцам живого уголка.

Математика негіздері**Тақырыбы: «Әдемі гүлдер»**

Мақсаты: Балаларды ұзын-қысқа, ұзындықтары бірдей сөздерін пайдаланып, ұзындықтары бойынша екі затты көзбен салыстыру әдістерімен таныстыру. Әр түрлі ойындар арқылы оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру.

Жаратылыстану**Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктері»**

Мақсаты: Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау арқылы олардың құпия сырлары мен тіршілігі туралы түсінік беру. Балықтар туралы әңгімелеу, олардың тыныс алулары, көбеюлері қоректенулері, қимыл-қозғалыстары, тіршілік ету орталарымен таныстыру. Еңбек іс-әрекеттеріне баулып, тірі табиғатқа деген қамқорлық жасау дағдыларын қалыптастыру.

Құрастыру**Тақырыбы: «Гүлдерге арналған сөре»**

Мақсаты: Балаларға табиғат бұрышындағы гүлдермен таныстыру, құрылыс материалдарын қолдана отырып гүлдерге арналған сөрені құрастыруға дағдыландыру.

Сурет салу**Тақырыбы: «Сыйға әсем гүл»**

Мақсаты: Пішіні дөңгелек, сопақ көлемдері әр түрлі гүлдердің суретін салу және оларды бейнелеу үшін түстерді таңдау дағдысын үйрету.

1.Музыка**Тақырыбы:**

«Күн мен жаңбыр»

(Г. Әбдірахманова)

Мақсаты: Ырғақты сезіне білуге, ән тыңдауға баулу, әуен ырғағымен қимыл – қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту.

2.Музыка**Тақырыбы:**

«Күн мен жаңбыр»

(Г. Әбдірахманова)

Мақсаты: Әнді қайталатып, қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету. Балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.

1.Дене шынықтыру
Тақырыбы: "Көңілді бірге жүру"
Мақсаты: Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Ілулі тұрған затқа қол жеткізе жоғарыға секіруге үйрету. Шектелген алаң бойынша жүруде және жүгіруде тепе-теңдік қалпын сақтауды бекіту.

2.Дене шынықтыру
Тақырыбы: "Таяқшадан аттап өт"
Мақсаты: Доптың қозғалу бағытың сақтап, бір-біріне түрегеліп тұрып допты домалатуды үйрету. Қос аяғымен бір мезгілде екпінмен серпіліс жасай білуді бекіту

3.Дене шынықтыру
Т/бы:"Балабақша"
М/ты: Шектелген алаң бойынша жүруде және жүгіруде тепе-теңдік қалпын сақтауды бекіту. Доптың қозғалу бағытың сақтап, бір-біріне түрегеліп тұрып допты домалатуды үйрету.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Үлкендердің еңбегін бағалау»
Мақсаты: Үлкендердің еңбегі туралы түсіндіру. Үлкендердің еңбегін бақылауда ой-өрістерін кеңейту.

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Аспаз өлең Н. Әлімқұлов
Мақсаты: Балабақшада қызмет ететін адамдар туралы түсіндіру. Аспаз мамандығымен таныстыру. Шығармашылық тілді дамыта отырып, өлеңді жатқа айтуға үйрету, аспазшы еңбегін бағалай білуге, құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Үлкендердің еңбегін бақылайық»
Мақсаты: Балаларды геометриялық пішіндерге сәйкес қоршаған орта да заттарды таба білуді үйрету. Сөзде қарапайым ұғымдарды қолдана білу дағдыларын дидактикалық ойындар арқылы дамыту. Мамандық иелеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Күтушінің еңбегі»
Мақсаты: Балаларға үлкендердің еңбектері туралы түсіндіру. Балабақшада көптеген адамдар жұмыс істейтінін, олардың барлығы белгілі бір жұмысты атқаратыны туралы түсінік беру, соның ішіндегі балабақшадағы күтушінің еңбегін айту. Кішіпейілділікке және ақжарқындылыққа тәрбиелеу.

Сурет салу
Тақырыбы: «Алжапқышты әшекейлеу»
Мақсаты: Балалардың алжапқышты кім пайдаланатыны туралы түсінігін жетілдіре отырып, қағаз түрлерімен, түрлі – түсті қарындаштармен таныстыруды жалғастыру, алжапқышты әшекейлеуге, жиектеріне ою-өрнек сала білуге үйрету. Эстетикалық талғамдарын дамыту.
Мүсіндеу
Тақырыбы: «Гүл отырғызуға арналған күрек»
Мақсаты: Домалатылған пішінді жалпақтау тәсілі арқылы күректің басын жасап және есу арқылы сабын мүсіндеуді үйрету арқылы балалардың қол бұлшық еттерін дамыту.
1.Музыка
Тақырыбы: «Мамам гүлдің бағбаны» (А. Досмағанбет)
Мақсаты: Балаларға үлкендер еңбегі туралы түсіндіріп, оларды құрметтеу керектігін айту. Би қимылдарын бірге орындауға үйрету.

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: «Үлкендердің бәрі еңбек етеді»
Мақсаты: Балаға үлкен адамдардың еңбек әрекеттері туралы түсініктерін байыту (ана ас дайындайды, ыдыс жуады, әке орындықты жөндейді, әпке, ағ сабақ орындайды). Үлкендердің еңбектеріне деген қызығушылығын және оның нәтижесін қадірлеуге тәрбиелеу. Балаларды үлкендермен бірлесіп еңбек әрекеттерін орындауға тарту (ойыншықтарды жинау, гүлдерді суару, үстелді жабдықтау). Үлкендерді құрметтеуді, оларға қамқорлықты танытуды тәрбиелеу.

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Мақсаты: Балаларға өз отбасы мүшелерін танып атауға, өз отбасы туралы әңгімелей білуге үйрету. Отбасы мүшелеріне мейірім мен сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. Үлкенге құрмет, кішіге ізет етуге дағдыландыру.

Міндеті: отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің еңбек міндеттері; отбасындағы оң өзара қарым- қатынас, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге ықпал ету.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1 апта, 27 қыркүйек-1 қазан	Менің отбасым, ата – ана еңбегі	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тату тәтті отбасы» Мақсаты: Балаларға отбасы туралы айту. Қозғалу бағытың сақтап төрт тағандап еңбектеуді үйретуді жалғастыру. Түрегеп тұрып допты төменнен оның қозғалуына бағыттай отырып бір –біріне домалата білуді бекіту.</p> <p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз тату отбасымыз» Мақсаты: Белгі бойынша тоқтауды, отыруды, тепе-теңдікті сақтап тұруды және жүгіруді жалғастыруды үйрету. Алақан мен тізеге сүйеніп еңбектеуде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуді бекіту.</p> <p>3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Үй» Мақсаты: Түрегеп тұрып допты төменнен оның қозғалуына бағыттай отырып бір –біріне домалата білуді бекіту. Белгі бойынша тоқтауды, отыруды, тепе-теңдікті сақтап тұруды және жүгіруді жалғастыруды үйрету.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Әкем, анам және мен, тату – тәтті отбасы» Мақсаты: Балаларға сурет арқылы отбасы мағынасын түсіндіріп, әр мүшенің отбасындағы ролі туралы мағлұмат беру. Өзінің отбасы туралы әңгіме құрастыруға үйрету,сұраққа жауап беру «сен кіммен тұрасың?», «отбасы мүшелерін ата?» және т.б. Өз жанұясына мейіріммен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Орыс тілі Тема: «Моя семья» Цель: Учить называть на русском языке членов семьи, применять обобщающее слово "семья"; Развивать устойчивость внимания, формировать навыки связной речи (отвечать словосочетанием или коротким предложением); Воспитывать уважение к старшим и заботливое отношение к членам семьи.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: : «Біздің үйдің ішінде» Мақсаты: Балаларға биік-аласа ұғымдарын ажыратуды үйрету. Сөзде биік-аласа ұғымдарын қолдануды әр түрлі дидактикалық ойындар арқылы қалыптастыру. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Отбасым мақтанышым» Мақсаты: Балалардың отбасы және отбасы мүшелері туралы, әрбір баланың өз жақын адамдары оның отбасы болатыны жайында түсініктерін қалыптастыру. Ата-аналарының аттарын есте сақтау. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Менің үйім» Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып, жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата білуге дағдыландыру. Педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып, үйді құрастыра білуге үйрету.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Атамның тақиясы» Мақсаты: Балаларды жарты шеңбер пішінді дайын тақияны безендіруге үйрету. Өрнектерді қылқаламмен бояу арқылы эстетикалық талғамының дамуына мүмкіндік туғызу. Көркемдікке тәрбиелеу.</p> <p>1.Музыка Тақырыбы: «Әжем» (Ж.Мұхамеджанова) Мақсаты: Отбасы мүшелерін атап,айта білуге үйрету. Әуенге байланысты қимыл жасау.</p> <p>2.Музыка Тақырыбы:«Әжем» (Ж.Мұхамеджанов) Мақсаты: Әнді қайталап, таза дауыспен айтуға үйрету. Туыстарына деген сезімін әнмен жеткізуге баулу.</p>	

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Балақайлардың үйшігі»
Мақсаты: Алға қарай жылжып қос аяқпен секіру. Белгі бойынша тоқтап және тапсырмаларды орындауға тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту. Тура бағытта төрт тағандап еңбектеуге жаттықтыру.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Ата әжеге барар жолда»
Мақсаты: Допты қақпаға домалатуды –көлемі 60см үйрету, көзмөлшерді дамыту. Қос аяқпен бір мезгілде екпінмен итерілу және жартылай бүгілген аяқтың ұшына тұра білуін бекіту.

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Маша қонаққа келді»
Мақсаты: Тура бағытта төрт тағандап еңбектеуге жаттықтыру. Допты қақпаға домалатуды –көлемі 60см үйрету, көзмөлшерді дамыту.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Мен көшеде келемін»
Мақсаты: Өзінің тұратын көшесі туралы әңгімелесу, сөздік қорды заттардың сапасын білдіретін сөздермен толықтыруға, зат есімдерді жекеше, көпше қолдануға үйрету. Көшеде өзін ұстай білуге тәрбиелеу.

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Көшеден балалар қалай өтті?»
 Н. Калинина
Мақсаты: Әңгіменің мазмұнын түсіндіру, өздерінің тұратын көшелері туралы әңгіме құрастыруға үйрету. Көшеде өзін ұстай білуге тәрбиелеу.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Менің көшем»
Мақсаты: Заттарды санына қарай салыстыру, бір және көп заттар ұғымын ажырату біліктіліктерін арттыру. Заттарды көлеміне қарай үлкен-кіші деп ажыратып айтып, сөзде қолдана білу қабілеттерін арттыру. Оларды сол белгілеріне қарай топтастыруды үйрету.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Мен тұратын көше»
Мақсаты: Өзінің тұратын көшесі туралы әңгімелесу, сөздік қорды заттардың сапасын білдіретін сөздермен толықтыруға үйрету.

Сурет салу
Тақырыбы: «Көше жолдары»
Мақсаты: Өздерінің көргендерін елестету арқылы бейнелеуге үйрету. Қол қимылдарын дамыта отырып қарындашпен түзу сызықтарды сызуды үйрету.

Жапсыру
Тақырыбы: «Көше бойындағы ағаш»
Мақсаты: Үлгі бойынша қиылған кесінділерді қағаз бетінің кеңістігіне дұрыс орналастырып, жапсыруға үйрету. Шығармашылық қабілетін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

1. Музыка
Тақырыбы: «Бағдаршам» (И.Нүсіпбаев)
Мақсаты: Музыка сипатына сай қимылдарын дамыту, әуенді ойын әрекеттерін сахналауға, хормен ән айтуға дағдыландыру.

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: : «Туған қалаға саяхат»
Мақсаты: Балаларды туған қаламен, өз отбасымен тұратын қала мен ауылымен таныстыру.

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Мен спортшы боламын»
Мақсаты: Еңбектегенде заттарға тиіп кетпей жыланша ирелендеп еңбектеуге үйрету, ептіліктерін дамыту, 1,5м арақашықтықта допты домалату білігін дамыту.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Спорт біздің досымыз»
Мақсаты: Жоғары тіреуде статикалық тепе-теңдікті сақтауды үйрету. Заттарды сол және оң жағынан айналып өту білігін бекіту, ептілікті дамыту

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Шыныққан шымырлармыз»
Мақсаты: 1,5м арақашықтықта допты домалату білігін дамыту. Жоғары тіреуде статикалық тепе-теңдікті сақтауды үйрету

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Мен дәрігер боламын»
Мақсаты: Балаларға дәрігер мамандығы туралы білімдерін кеңейту. Олардың қызметтерінің маңызы туралы түсіндіру. Мамандыққа деген ілтипат білдіруге қызығушылығын арттыру. Өз ата-аналарының қандай мамандық иесі екендігі жайлы әңгіме құрауға талпындыру, айтқызу.

Орыс тілі
Тема: «Кто работает в детском саду»
Мақсаты: Учить детей понимать вопросы на русском языке и давать правильные ответы, называть работников детского сада на русском языке, использовать в речи подходящие по смыслу глаголы и прилагательные, формировать понятие об обобщающих словах;
 Продолжить работу по развитию понимания русской речи, закреплять правильное произношение гласных звуков;
 Воспитывать уважение к труду работников детского сада.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Мамандық»
Мақсаты: Балаларды геометриялық пішіндерге сәйкес қоршаған орта да заттарды таба білуді үйрету. Сөзде қарапайым ұғымдарды қолдана білу дағдыларын дидактикалық ойындар арқылы дамыту. Мамандық иелеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Кім боламын?»
Мақсаты: Мамандықтар туралы түсінік беру, әр түрлі мамандықтармен таныстыру. Есту зейінін жетілдіру, сөйлеуді нақышымен айқын сөйлеу, заттың атынан әрекеттер жасай білуге үйрету, қоршаған орта нысандарына деген танымдық қызығушылықты дамыту, адам еңбегінің қарапайым заңдылықтары мен тәуелділіктері туралы түсінуге, еңбектің қошаған өмірдегі мағынасын түсінуге үйрету.

Құрастыру
Тақырыбы: «Көп қабатты үйлер»
Мақсаты: Құрылысшы мамандығы туралы білімдерін кеңейту. Дайын конструкцияға қосымша бөлшектерді қою арқылы берік құрылыс салу білімін дамыту.

Сурет салу
Тақырыбы: «Түрлі түсті түймелер»
Мақсаты: Балаларға тігінші мамандығы туралы мағлұмат бере отырып, дөңгелек пішінді түйменің суретін салып, таңдаған түспен бояуды үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.

1.Музыка
Тақырыбы: «Мен өнерлі баламын»
 (М. Омаров)
Мақсаты:Мамандық түрлерін таныстыру. Музыкалық іс-әрекет түрлерін орындау дағдыларын жетілдіру.

2.Музыка
Тақырыбы: «Мен өнерлі баламын»
 (М. Омаров)
Мақсаты: Әнді қайталатып, әр түрлі мамандық иелеріне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу. Музыка жанрларын ажырата білуге үйрету.

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Сыйқырлы саябақ»
Мақсаты: Күз мезгілі жөнінде түсінік беру. Басты дұрыс ұстап, аяқтың ұшымен жүруге үйрету. Шектелген аландағы тіреуде статикалық тепе-теңдікті сақтауды бекіту. Жоғарыға секіруді жаттықтыру.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Жемістер мен көкіністер»
Мақсаты: Екі аяқпен бір мезгілде екпінмен итерілу және аяқтың ұшында тұруды үйрету. Ырғақты жүру және аяқтың ұшымен жеңіл жүгіру және денесін дұрыс ұстауды сақтай отырып, «жыланша» ирелендеп еңбектеу.

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Жапырақтар»
Мақсаты: Жоғарыға секіруді жаттықтыру. Ырғақты жүру және аяқтың ұшымен жеңіл жүгіру және денесін дұрыс ұстауды сақтай білуін бекіту.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Күздің берер сиы мол» (сурет бойынша әңгіме)
Мақсаты: Балаларды күз ерекшеліктерімен таныстыру арқылы түсініктерін кеңейту. Көкөністер мен жемістер туралы мағлұмат беру. Күзгі табиғаттағы, ауа райындағы өзгерістерді байқай отырып, дауыс аппараттарын дамыту, сұрақты тыңдап дұрыс жауап беруге тәрбиелеу.

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Күз» өлең
I. Жансүгіров
Мақсаты: Күз туралы білімдерін тиянақтау. Адамдар еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу. Ырыс құт береке, молшылық сөздерінің мағынасын түсіндіру, сөздік қорын молайту. Байланыстырып сөйлеу тілін, көркемдік талғамын, қимыл қозғалысын дамыту.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Келді міне, Алтын күз!»
Мақсаты: Балаларды жаңа геометриялық пішін шаршымен таныстыру. Пішінді сезу, қозғалыс жолымен зерттеуді жаттықтыру. Заттардың пішінін анықтауды бекіту.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Күз кереметі»
Мақсаты: Балалардың санасында күз маусымында жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру. Ауа райы жағдайын анықтау, бақылау қабілетін дамыту, қарапайым экологиялық мәдениет қалыптастыру. Күз, табиғат құбылыстары, көкөністер мен жеміс-жидектер жайлы, олардың өсетін жерлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғатқа қамқор қарым-қатынасты тәрбиелеу. Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету.

Сурет салу
Тақырыбы: «Күзгі жаңбыр»
Мақсаты: Балаларға күз туралы мағлұмат беру. Қылқаламды оң қолдың үш саусағымен дұрыс ұстауды, қылқаламның ұшымен бір бағытта ырғақты түрде сілтей жағу жолымен жаңбыр тамшыларын салуды үйрету, көк түсті білуді бекіту, қолдың ұсақ қимылдарын дамыту.

Мүсіндеу
Тақырыбы: «Саңырауқұлақ»
Мақсаты: Ермексаздан екі алақан ортасында ерсілі қарсылы дөңгелектеу, жалпайту әдістері арқылы мүсіндей отырып, қосу арқылы бүтін зат шығаруға үйрету арқылы білуге деген құштарығын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

1. Музыка
Тақырыбы: «Бұл Алтын күз» (А. Досмағамбетова)
Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсіндіру. Музыканы тыңдауға, ілесе айтуға шақыру, би ырғақтарын жасауға талпындыру.

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: «Алтын шашқан күз айы»
Мақсаты: Балалардың күз айының қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатта, ауа райында, өсімдік әлемінде, адамдардың киімінде қарапайым маусымдық өзгерістерді байқауға үйрету. Туған өлке жемістері мен көкөністері туралы балаларға түсіндіру.

Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»

Мақсаты: Балалардың тазалық туралы білімдерін кеңейту. Әрдайым денелерін, бөлмелерін таза ұстауға, сымбатты, әдемі болып өсуге тәрбиелеу. Тазалық көмекшілерімен таныстыра отырып, олардың қолдану тәсілдері туралы білімдерін кеңейту.

Міндеті: баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез- құлық дағдыларын қалыптастыруға және балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы байытуға, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін пайдалана отырып, қимыл белсенділігіне қажеттілікті жетілдіруге бағытталған.

Апта	Тақыры	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері -1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1 апта, 1-5 қараша	Пайдалы көкөністер	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бау-бақшаға серуен» Мақсаты: Екі қолымен кеуде тұсынан доп лақтыруды үйрету. Бір мезгілде екі аяғымен екпінмен итерілу және жартылай бүгілген аяқпен алға қарай секіре жылжып түсе білуін бекіту.</p> <p>2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көкіністерді жинаймыз» Мақсаты: Шектелген алаң бойынша алақаны мен тізесіне сүйеніп еңбектеуге үйрету. Допты екі қолымен кеуде тұсынан және доптың соңынан қолдарын түзетубілігін бекіту.</p> <p>3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бау-бақшада» Мақсаты: Бір мезгілде екі аяғымен екпінмен итерілу және жартылай бүгілген аяқпен алға қарай секіре жылжып түсе білуін бекіту. Допты екі қолымен кеуде тұсынан және доптың соңынан қолдарын түзетубілігін бекіту.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Күзгі бақта». Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін айта отырып, бақта өсетін көкөністермен таныстыра отырып, 3-4 сөзден тұратын сөйлем құрастыруға дағдыландыру, көкөністер туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Орыс тілі Тема: «Овощи и фрукты» Цель: Формировать навыки понимания и восприятия названий некоторых овощей и фруктов, обучение словам, обозначающим признаки предметов по величине, составлять их способом согласования (существительное и прилагательное).</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Не қайда өседі?» д/о Мақсаты: Балаларды көкөністермен таныстыра отырып, олардың түсін, пішінін ажыратып білуге үйрету. Үлкен және кіші ұғымын бекіту. Дидактикалық ойын арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Бақшаға біз барамыз, көкөністер аламыз» Мақсаты: Көкөністердің бақшада өсетінін түсіндіру. Сөздік қорын молайту. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Көкөністерді сипаттау арқылы пішінін, дәмін анықтай білуге үйрету, сөздік қорларын, тіл байлықтарын, ойлау қабілеттерін дамыту. Көкөністерді күтіп баптауға баулу.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Көкөністер» Мақсаты: Балаларға көкөністерді ажырата білуге үйрету, көкөністер туралы білімдерін кеңейту, көкөністердің пішінін қиылған кесінділерден құрастыруға үйрету.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Сәбіз» Мақсаты: Балаларға сәбіз туралы мағлұмат беру, сәбіздің пішінін ажыратуға үйрету. Акварельмен жұмыс істеу машығын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>1.Музыка Тақырыбы: «Көкөністер айтысы» (А. Филиппенко) Мақсаты:Пайдалы көкөністер туралы айту.Өнді айтқызып, музыкаға деген қызығушылығын арттыру.</p> <p>2.Музыка Тақырыбы: «Көкөністер айтысы» Мақсаты:Өнді қайталатып,күзгі өнімдердің дәрумендік пайдасы туралы айту. Өуенге сай қимыл жасауға дағдыландыру.</p>	

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Егінді жинаймыз»
Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтап, жіптің бойымен жүруді үйрету. Алақан мен табанға сүйеніп, шектелген алаңда қол аяқ қимылдарын үйлестіріп еңбектей білуін бекіту.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Біз табиғатта серуендейміз»
Мақсаты: Қарқын мен ырғақты сақтап, қол ұстасып, шеңбер бойымен жүгіру. Шектелген алаңмен тепе-теңдікті сақтай білуін бекіту. Қатты қимылмен қолын түзулей отырып, екі қолмен кеуде тұсынан доп лақтыруға жаттықтыру.

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Күзгі орман»
Мақсаты: Алақан мен табанға сүйеніп, шектелген алаңда қол аяқ қимылдарын үйлестіріп еңбектей білуін бекіту. Қатты қимылмен қолын түзулей отырып, екі қолмен кеуде тұсынан доп лақтыруға жаттықтыру.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Жемістер»
Мақсаты: Балаларды күз мезгілінде пісетін жеміс түрлерімен таныстырып, олардың түстерін, пішіндерін ажырата білуге үйрету. Жемістердің өсу ортасы жайлы түсініктерін қалыптастыру. Табиғатты қорғауға баулу.

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Ақылды алма» әңгімесі
 М. Әбдірашева
Мақсаты: Әңгімені зейін қойып тыңдауға үйрету. Алманың апорт түрімен таныстыру. Жемістің басқа түрлерімен танысуға құштарлықтарын арттыру.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Бақтағы жемістер»
Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы түсініктерін үйретуді әрі қарай жалғастыру. Заттардың көлемі және пішіні, түсі әртүрлі болатынын суреттерді көрсете отырып, сөздегі үлкен-кішкентай ұғымын, шаршы, шеңбер, сопақша пішіндерін дұрыс атай білулерін үйрету. "Бір және көп" ұғымын бекіту.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Жеміс бағына саяхат»
Мақсаты: Балаларды жемістердің түрлерімен таныстырып, оларды бір-бірінен түсі, пішіні, дәмі арқылы ажыратып білуге үйрету. Балалардың сүйіп жейтін жемісі-алмамен жақын таныстыру, түстер туралы ұғымын бекітіп, ойлау қабілеті мен сөздік қорларын жетілдіру. Табиғатты қорғауға баулу. Жемістерді таныстыра отырып, 3-4 сөзден тұратын сөйлем құрастыруға дағдыландыру; сөйлеу тілінде бірыңғай мүшелерді дұрыс айтып беруге тәрбиелеу; жемістер туралы ұғымдарын кеңейту.

Сурет салу
Тақырыбы: «Тәрелкедегі алмалар»
Мақсаты: Балаларға қылқаламмен дайын тәрелкенің бетіне алмаларды салуға үйрету. Балалардың суретке деген қызығушылығын арттырып, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ыждағатты жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Жапсыру
Тақырыбы: «Кірпіге арналған алмалар»
Мақсаты: Балалардың жемістер туралы түсініктерін кеңейту, дайын түрлі – түсті дөңгелектерді кеңістікті бағдарлай отырып, жапсыруға үйрету арқылы балаларды талғампаздыққа тәрбиелеу. Ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.

1. Музыка
Тақырыбы: «Мен алманы жақсы көрем» (Д.Қиқымов)
Мақсаты: Жемістер туралы түсінік беру. Балаларды бірдей ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би игеруді үйрету.

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: «Күз сыйы. Жемістер»
Мақсаты: Өсімдіктер әлемімен таныстыруды жалғастыру. Жеміс түрлерімен олардың бақта ағашта өсетіндіктерімен, пайдасымен таныстыру. Дәмін тату арқылы жемістерді тани білуге, тазалық нормаларын сақтауға тәрбиелеу. Қоршаған ортаға эмоционалды елгезектікпен жағымды, қамқорлықпен қарауды қалыптастыру.

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Біз көңілді балалар»
Мақсаты: Бір орында тұрып ұзындыққа секіруді үйрету. Басқа балалармен жүгіру қарқыны мен ырғақты қадамды үйлестіре білуін бекіту. Жыланша ирелендеп, қойылған заттардың арасымен жүруге жаттықтыру.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Көңілді бірге жүру»
Мақсаты: Доп ұстаған қолын басынан асыра доптың ұшуының дұрыс жолын, алға жоғары қарай бүгілген қолын екпінмен түзетіп, келтіруді үйрету. Бір орында тұрып ұзындыққа секіру

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Бала, бала, баламыз»
Мақсаты: Жыланша ирелендеп, қойылған заттардың арасымен жүруге жаттықтыру. Допты дұрыс бағытқа лақтыру.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Менің көмекші мүшелерім»
Мақсаты: Баланың бойында өзінің дене мүшесін ажыратып айтуға, дене мүшелерінің атқаратын қызметтерін айтуға, сөздерді жіктелуге қарай байланыстыруға үйрету. Баланың өзін көрсету икемділігіне, сұрақтарға жауап беруіне ықпал ету.

Орыс тілі
Тема: "Части тела"
Цель: Продолжать учить детей отвечать на вопросы полным предложением. Обогащать словарный запас детей словами, обозначающими части тела;
 Развивать объем памяти, словесно-логическое мышление;
 Воспитывать бережное отношение к своему телу.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Мен кімін?»
Мақсаты: Балаларға заттардың бір немесе көп болу мағынасын мен олардың кеңестікте әрқалай орналасатындығы туралы түсіндіру. Қоршаған орта жағдайында берілген заттардың санын табуды үйрету. Заттарды біреу және көп топтарын салыстыру қабілетін бекіту.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Мен. Менің дене мүшелерім»
Мақсаты: Балаларға өзі туралы түсінік беру. Балаларға өзінің есімін атауға ұл және қыз ерекшеліктерін ажырата білуге өзара сыйластыққа үйрету. Дене мүшелерімен таныстыру (аяқ, қол, мұрын, құлақ) Өз дене мүшелерінің өзіне қызмет ететіндігін айту.

Құрастыру
Тақырыбы: «Өз орнына орналастыр»
Мақсаты: Балаларға әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерді өз орнына орналастра отырып, қуыршақты киіндіруге үйрету. Түрлі тәсілдерді пайдалануға немесе үлгі бойынша құрастыруға жаттықтыру.

Сурет салу
Тақырыбы: «Алақан суретін салу»
Мақсаты: Балаларға дене мүшелері туралы мағлұмат бере отырып, алақанын бояуға батырып, қағаз бетіне бастыруға үйрету арқылы ұқыптылыққа тәрбиелеу.

1.Музыка
Тақырыбы: «Әнші болам өскенде» (Д.Ботбаев, Е.Өтетілеуұлы)
Мақсаты: Балалардың музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру. Әуенді бір-бірінен ажырата білуге, оларды есте сақтауға, әнді бірқалыпты қарқынмен көңілді айтуға үйрету.

2.Музыка
Тақырыбы: «Әнші болам өскенде» (Д.Ботбаев, Е.Өтетілеуұлы)
Мақсаты: Әнді қайталату. Ойынд, биді қадағалап, балаларды белсене араластыру.

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Өзеннен көпірмен өту»
Мақсаты: Доғаның астынан оған соқтықпай, еңбектеуді үйрету, доптың ұшуының дұрыс жолын алға- жоғары қарай бүгілген қолын екпінмен түзетіп, келтіре білуін бекіту.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Жолмен біз келеміз»
Мақсаты: Шектелген алаң бойынша жүруде тұрақты тепе-теңдікті сақтауды үйрету, доғаның астынан еңбектей білуін бекіту.

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Қарағайлы орман»
Мақсаты: Доптың ұшуының дұрыс жолын алға- жоғары қарай бүгілген қолын екпінмен түзетіп, келтіре білуін бекіту. доғаның астынан еңбектей білуін бекіту.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Күн» (өлең)
 С. Оспанов
Мақсаты: Көлемі шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Балаларға өлі табиғат туралы түсінік қалыптастыру.

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Бұлақ» өлең
 А.Асылбеков
Мақсаты: Көрнекіліктер арқылы өлеңді мәнерлеп оқуға және есте сақтауға, барлық дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. Шығарманы мұқият тыңдап сұрақтарға жауап беру, мазмұнын айтуға дағдыландыру.

Математика негіздері
Тақырыбы: "Табиғат тіршілігі"
Мақсаты: Балаларға тілде көп-аз, тңдей, сонша сөздрін пайдаланып, екі заттар арасындағы заттар тобының арасындағы теңдік пен теңсіздікті орната білуін үйрету. Заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Тіршілік көзі»
Мақсаты: Балаларды табиғатпен таныстыра отырып, күн,су,ауа туралы білімдерін кеңейту. Күн,су,ауаның тіршіліктегі маңызы мен құндылығы, адамға пайдасы туралы білімдерін дамыту. Қоршаған ортаны сақтауға, қорғауға тәрбиелеу. Табиғатты қорғауға, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Сурет салу
Тақырыбы: «Күн сәулесі»
Мақсаты: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру, дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу біліктерін арттыру. Шеңберден шығармай бояуға үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Мүсіндеу
Тақырыбы: «Шуақты күн»
Мақсаты: Балаларға күн туралы айта отырып, оның бізге берер пайдасын түсіндіріп жеткізу. Ермексазды алақан арасымен дөңгелектеу арқылы жалпақтап мүсіндеу, оған есу арқылы ұзын таяқшалар жасау. Шығармашылыққа баулу, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

1.Музыка
Тақырыбы :
 «Күн мен жаңбыр»
 (Г. Абдрахманова)
Мақсаты: Балаларға күн, су, ауаның пайдасы туралы түсінік беру. Музыканы тыңдауға, ілесе айтуға шақыру, би ырғақтарын жасауға талпындыру.

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: "Күн,ауа,су-бізге әрқашан қажет"
Мақсаты: Балаларға күн, су, ауа туралы білім бере отырып, олардың табиғатта болатын құбылыстарына қызығушылықтары н арттыру. Қоршаған ортадағы заттардың атауларымен, олардың пайдасы мен міндеттерімен таныстыра отырып, өлі, тірі табиғат жайлы білімдерін қалыптастыру.

Желтоқсан айы, 2021 жыл
Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»

Мақсаты: Балаларға өздерінің Отаны туралы түсінік беру. Балалардың бойында рухани – адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал жасау. Өз туған жеріне деген патриоттық сезімге, өз Отанын сүйе білуге тәрбиелеу.

Міндеті: Отан деген сөздің мағынасын ұғыну. Өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Апта	Тақыры	«Денсаулық» -3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1 апта, 29 қараша-3 желтоқсан	Менің Отаным Қазақстан	<p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мен Отанымды қорғаймын» Мақсаты: Отан туралы әңгімелей отырып, Патриоттық сезімін ояту. Қол мен аяқтың қимылын қимылын үйлестіре, тізені жоғары көтеріп жүруді үйрету. Шектелген алаң бойынша жүгіруде тепе-теңдікті сақтай білуін бекіту.</p> <p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің елім Қазақстан» Мақсаты: Өз елін сүйе білуге тәрбиелеу. Бір орында тұрып ұзындыққа секіруді үйретуді, аяқпен қатты итерілуді орындауды жалғастыру. Тізені жоғары көтеріп жүру білігін бекіту. Зал бойымен жеңіл және ырғақты жүгіре білуді бекіту.</p> <p>3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Отаным мақтанышым» Мақсаты: Шектелген алаң бойынша ирелендеп жүруге тепе-теңдікті сақтай білуін бекіту. Бір орында тұрып ұзындыққа секіруді үйретуді, аяқпен қатты итерілуді орындауды жалғастыру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Туған елім, туған жерім» (сурет бойынша әңгіме) Мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Сөйлеу мәдениетін жетілдіре отырып, байланыстырып сөйлеуге талпындыру, балалардың өз қаласының көрікті жерлерін атай білуге, оны мақтан тұтуға тәрбиелеу.</p> <p>Орыс тілі Тема: «Мой родной город» Цель: Заучивание детьми короткого стихотворения; правильно произносить слова на русском языке, обучать словам, обозначающим признаки предметов по цвету. Развивать слуховое и зрительное внимание. Воспитывать любовь к родному городу, основы казахстанского патриотизма.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Кең дала» Мақсаты: Балаларға кең-тар ұғымын үйрету. Сөзге кең-тар ұғымдарын қолданып айтуды үйрету. Көзбен салыстыру қабілеттерін арттыру. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Отаным мақтанышым!» Мақсаты: Балаларға Отан жалғыз, оның әлемдегі ең қымбат дүние екендігі туралы түсінік беру. Өз Отанына деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу. «Отан» деген сөздің мағынасын түсіндіру. Өзінің Отаны туралы әңгімелеп айтуға үйрету, зейінін дамыту. Туған жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу. Отанына деген сүйіспеншілікке, өз халқының мәдениетін құрметтей білуге тәрбиелеу.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Әдемі мұражайлар» Мақсаты: Балаларға өз туған өлкесі туралы мағлұмат беру, әр түрлі конструкторлардан әдемі мұражайларды құрастыруға үйрету.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Мерекелік отшашу» Мақсаты: Балаларды қарындашты дұрыс пайдаланып сурет салуға жаттықтыру. Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл – күйлерін көтеру. Үзік сызықтарды үйлестіре қосу арқылы отшашудың суретін салуға үйрету.</p> <p>1.Музыка Тақырыбы: «Тәуелсіз елім - тірегім» (Ө. Байділда, Ж. Смақов) Мақсаты: Балаларға Тәуелсіз Қазақстан туралы түсінік беру. Би ырғақтарын жасауға талпындыру.</p> <p>.Музыка Тақырыбы: «Тәуелсіз елім-тірегім» (Ө.Байділда. Ж.Смақов) Мақсаты: Әнді орындауға баулып, қайталату. Әуенге сай би қимылдарын жасап, қозғалуды қадағалау.</p>	

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Кірпі»
Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Қандай өзгерістер болатыны жөнінде әңгімелеу. Педагогке доп лақтыру және одан допты қағып алуды үйрету. Аяқпен қатты итерілуді қолдың қимылымен үйлестіріп, жартылай бүгілген аяқпен жеңіл жерге түсе білуді бекіту

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Қоян»
Мақсаты: Көлбеу тақтайдың бойымен төрт тағандап еңбектеуге, одан тез түсуге үйрету. Педагогке доп лақтыру және одан еркін қойылған алақанмен допты қағып алуын бекіту.

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Түлкі»
Мақсаты: Аяқпен қатты итерілуді қолдың қимылымен үйлестіріп, жартылай бүгілген аяқпен жеңіл жерге түсе білуді бекіту. Гимнастикалық орындық бойымен төрт тағандап еңбектеуге, одан тез түсуге үйрету.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: "Қазақстанның орман мекендеушілері"
Мақсаты: Балалардың жабайы жануарлар мен оның балалары туралы түсініктерін байыту, жабайы жануарлардың сипаттық белгілерін байқай білуге, ажырата білуге үйрету, жануарларға деген жағымды көзқарасты тәрбиелеу, сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беру іскерліктерін қалыптастыру.

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Қоян қалай батыр болды» әңгіме
Мақсаты: Әңгімені тыңдап, оны түсіну, әңгімеге араласып, өзіне қойылған сұрақтарға жауап беруді үйрету, балаларға таныс әдеби шығармалардың үзінділерін драмалауға тәрбиелеу, балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Жануарлардың тіршілігі»
Мақсаты: Балаларға екі затты ұзындықтары бойынша үстіне қою әдісін пайдаланып, ұзынырақ, қысқалау, ұзындықтары бірдей сөздерін салыстыруды үйрету.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Қандай жануарларды білесің?»
Мақсаты: Жабайы жануарлар мен үй жануарлары олардың төлдері туралы түсініктерін байыту, жабайы жануарлар мен үй жануарларын сипаттық белгілерін байқай білуге үйрету, жабайы жануарларды үй жануардан ажырата білулерін бекіту, жануарларға деген жағымды көзқарасты тәрбиелеу.

Сурет салу
Тақырыбы: «Ұзын құлақ сұр қоян»
Мақсаты: Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үйлестіре білуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен, кіші, сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру, балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

Жапсыру
Тақырыбы: «Көжек»
Мақсаты: Қиылған кесінділерді қағаз бетінің кеңістігіне дұрыс орналастыру арқылы балаларды талғампаздылыққа тәрбиелеу, ұқыпты жұмыс жасауға жұмылдыру.

1. Музыка
Тақырыбы: «Ақ қоян»
 (Б. Аманжол)
Мақсаты: Балаларға жануарлар: қоян, түлкі туралы түсінік беріп, ән айту. Балалардың музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру.

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: «Не қайда мекендейді?»
Мақсаты: Балаларды жабайы жануарлармен және олардың тіршілік ортасымен таныстыра отырып, олардың қайда мекендейтінін ойлау арқылы Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Өзде ріне таныс жануарлардың сыртқы ерекшеліктері туралы білім беру. тірі табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтары на тәрбиелеу.

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Әдемі гүлдер»
Мақсаты: Өсімдіктер туралы әңгімелеу. Еденде жатқан заттардан аттап жүруді дененің тік ұсталуын сақтауды үйрету. Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре көлбеу тақтай бойымен еңбектей білуін бекіту, ептілікті дамыту.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Көбелектер гүлге қонады»
Мақсаты: Алаңның бір жағынан екінші жағына жеңіл және ырғақты жүгіруді, өзінің жүгіруін басқа балалардың жүгірумен үйлестіруді үйрету. Заттардан аттап жүруде тұрақты тепе-теңдікті сақтай білуін бекіту

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Қыдыруға барайық»
Мақсаты: Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре көлбеу тақтай бойымен еңбектей білуін бекіту, ептілікті дамыту. Алаңның бір жағынан екінші жағына жеңіл және ырғақты жүгіруді, өзінің жүгіруін басқа балалардың жүгірумен үйлестіруді үйрету.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Шырша әні» (өлең) Ә.Дүйсенбиев
Мақсаты: Мәңгі жасыл шыршаның қысы-жазы бір түсте болатындығын айта отырып, жаттаудың мазмұнына қарай, қимылмен көрсете отырып, мәнерлеп айтуға үйрету. Жаңа жыл мерекесінің сәні екендігі туралы түсінік қалыптастыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Мерекені сезініп, көңіл – күйлерін көтеріп, шын көңілмен қуана білуге тәрбиелеу.

Орыс тілі

Тема: «Растительный мир»
Цель: Познакомить детей с названиями деревьев ближайшего окружения и цветами растущими на участке и в уголке природы. Закрепить основные цвета. Развивать фонематическое восприятие, зрительное внимание; Воспитывать любовь к родной природе.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Гүлдер әлемі»
Мақсаты: Балаларға ересектер мен балалардың іс-әрекеттерінің өзгеруі бойынша тәулік бөлігін ажыратуды үйрету. Суретке қарап уақытты бағдарлай білу қабілеттерін дамыту.

Жаратылыстану

Тақырыбы: «Өсімдіктерді күтеміз»
Мақсаты: Балалардың тірі табиғаттың бір бөлімі өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту. Өсімдіктерді ажырата білуге, оларға күтім жасауға деген құштарлықтарын дамыту. Фонематикалық, дауыс ырғағы, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

Құрастыру

Тақырыбы: «Гүлдерге арналған сөре»
Мақсаты: Өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту. Құрылыс материалдарды қолдана отырып, гүлдерге арналған сөрені құрастыруға үйрету, балаларды ептілікке, жинақылыққа тәрбиелеу.

Сурет салу
Тақырыбы: «Шыршаны безендіреміз»
Мақсаты: Балаларға шыршаны әшекейлеу үшін шамдардың суретін саусақ әдісімен үйрету арқылы эстетикалық талғамын дамыту, әсем безендірулерді сезіне білуге тәрбиелеу, ұқыптылыққа үйрету.

1.Музыка

Тақырыбы: «Бау-бақшам» (Ә. Бейсеуов)
Мақсаты: Өсімдіктер туралы түсінік беру. Музыканы сезіну және «төмен», «жоғары» дыбыстарды айта білуге, жаттығулар жасай білуге үйрету.

2.Музыка

Тақырыбы: «Бау-бақшам» (Ә. Бейсеуов).
Мақсаты: Өнді қайталату арқылы балалардың әнге қызығушылықтарын қадағалау. Музыкалық ырғақ арқылы балаларға әдемі көңіл-күй сыйлау.

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Қыс кереметі»
Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Құрсауға секіруде, одан шығып секіруде, екі аяғымен екпінмен итерілуге үйрету. Бір алаңнаң екінші алаңға жеңіл және ырғақты жүгіру білуін бекіту, шыдамдылықты дамыту.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Қар жинаймыз»
Мақсаты: Педагогке доп лақтыруды және одан допты саусақтарын жан-жаққа еркін қойып, қағып алуды үйрету. Екі аяғымен бір мезгілде екпінмен итерілу және аяқтың басына жерге түсе білуін бекіту.

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Кішкентай гномдар қонақта»
Мақсаты: Бір алаңнаң екінші алаңға жеңіл және ырғақты жүгіру білуін бекіту, шыдамдылықты дамыту. Педагогке доп лақтыруды және одан допты саусақтарын жан-жаққа еркін қойып, қағып алуды үйрету.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Қысқы қызықтар».
Мақсаты: Тәрбиешінің сұрақтарына жауап бере отырып, қыс мезгілі жайында мазмұнды суреттерді қарастыра отырып, сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету, қысқы ауа райының құбылыстары жайлы түсінік беру. Жыл мезгіліндегі құбылыстар туралы білімдерін дамыту. Сөз бен сөздерді байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. Балаларды көріп-білгендерімен бөлісуге, табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Қыс»
 Н.Аманжолова
Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін бекіту. Өлең мазмұнымен таныстырып, сөйлеу қабілеттерін дамыту.

Математика негіздері
Тақырыбы: "Қыс келді, алақай!"
Мақсаты: Балаларға екі затты ұзындығы бойынша ұзын, қысқа және ұзындықтары бірдей сөздерін қолданып салыстыруды үйрету. Бір қатарда орналасқан аз-көп, осыншама сөздерін пайдаланып екі заттар тобының арасында теңдік пен теңсіздік орнату біліктілігін бекіту.

Жаратылыстану
Тақырыбы: "Қыста қар көп жауады"
Мақсаты: Балалардың қыста жанды және жансыз табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсінігін нығайту, қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін қалыптастыру. Жылы киініп, шанамен сырғанап, аққала жасайтын ғажайып қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіру. Тақырыпқа сәйкес жұмбақ шешкізіп, балалардың зейінін дамыту, достыққа тәрбиелеу.

Сурет салу
Тақырыбы: «Жапалақтап қар жауды»
Мақсаты: Көгілдір астарға қардың әдемі жауатынын көрсете отырып, ақ бояумен (гуашь) саусақты малып, ұлпа қарларды жағу әдісі арқылы сурет салуға дағдыландыру арқылы эстетикалық талғамдарын дамыту. Әсем безендірулердің сезіне білуге үйрету.

Мүсіндеу
Тақырыбы: "Аққала"
Мақсаты: Ермексазды алақанның арасына салып, доамалату тәсілі арқылы аққала мүсіндеуді үйрету., ұсақ қол моторикасын дамыту. Әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.

1. Музыка
Тақырыбы: «Қыс күні»
 (Ж. Мұхамеджанова)
Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту, ырғақты сезіну. Қыс қызықтары туралы айту. Қарапайым би элементтерін көрсету.

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: "Қыс келді, алақай!"
Мақсаты: Қысқы табиғатты бақылауға үйрету, қыс мезгілінің ерекшелігімен, оны сипаттайтын жаңа сөздермен таныстыру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Қыстағы адам еңбегін қадірлеуге, табиғаттағы тірі тіршілік иелеріне қамқорлық танытуға тәрбиелеу.

Қаңтар айы, 2022 жыл

Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»

Мақсаты: Балаларға қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту. Қоршаған ортаның әдемілігімен оған деген қамқорлық қарым-қатынасқа байланысты миірімді сезімдерге тәрбиелеу.

Міндеті: Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерген баланың тұлғасын дамытуға, адамгершілік нормаларды сезінуге, төзімділікті және түрлі адамдарға құрмет танытуды қалыптастыруға ықпал етеді.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1 апта, 3-7 қаңтар	Біз қалай киінеміз? (киім, аяқ киімдер)	<p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Дүкенге саяхат жасау» Мақсаты: Еңбектеп өтуді, 1,5 м арақашықтықта педогогтің лақтырған добын қағып алып, қайтадан допты лақтырып, артынан қолын жазу білуін бекіту.</p> <p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мен спорттық киімді ұнатамын» Мақсаты: Тізені көтеріп, тепе-теңдікті сақтап, денені тік ұстап сатының тақтайшаларының аттап жүруді үйрету. Бөрененің үстінен еңбектей білуге үйрету.</p> <p>3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Спорттық киім дүкеніне саяхат» Мақсаты: Бөрененің үстінен еңбектей білуге үйрету. Педогогтің лақтырған добын қағып алып, қайтадан допты лақтырып, артынан қолын жазу білуін бекіту.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақты серуенге киіндірейік» дидактикалық ойын Мақсаты: Балаларды жыл мезгіліне сәйкес киінуге үйрету. Киімдерді бір – бірінен ажыратып, аттарын атауға үйрету. Киімдердің қандай материалдан тігілгенін ажыратуға үйрету (мамық, тері, былғары, қалың, жұқа, мықты, төзімді).</p> <p>Орыс тілі Тема: «Одежда. Обувь» Цель: Учить слова, обозначающие одежду и обувь на русском языке, отвечать на вопросы полным предложением. Развивать слуховое внимание, словесно-логическое мышление. Воспитывать аккуратность, бережное отношение к вещам.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Біздің киімдер» Мақсаты: Балаларға үстіне қою және жанына қою әдістерін пайдаланып, екі түрлі тең және тең емес заттар тобын салыстыруды үйрету. Ұқыптылыққа, тазалыққа баулу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Киім түрлері» Мақсаты: Киімдер туралы білімдерін кеңейту. Әр жыл мезгіліне арнап тігілген киімдердің айырмашылықтарын түсіндіру. Киімдердің адам еңбегімен жасалатындығы және оларға ұқыпты болуға баулу. Әр заттың өзіндік қасиеті барын және жыл мезгіліне арналған киімдерді топтастыра білуге үйрету. Ұқыптылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. «Аяқ киімдер» туралы білімдерін ұштау. Құрастыру Тақырыбы: «Киім сөресі» (құрылыс материал) Мақсаты: Балаларға киімдер туралы түсінік бере отырып, құрылыс материалдарынан киім сөресін құрастыруға үйрету, педагогтың шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте орналастыру.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Қуыршақтың бөкебайы» Мақсаты: Балаларға қылқаламды дұрыс ұстай білу дағдысын, керек бояуды дұрыс тандап штрихтау тәсілі арқылы қуыршаққа арналған бөкебайдың суретін салуды үйрету арқылы қол икемділігін дамыту. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Қуыршағым туралы» (А. Досмағамбет) М/ты: Балаларға қуыршақ туралы айтып, оны ұқыпты, таза ұстауға үйрету. Би қимылдарын, әнді еркін орындауға дағдыландыру.</p> <p>2.Музыка Тақырыбы: «Қуыршағым туралы» (А. Досмағамбет) Мақсаты: Әнді қайталатып, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Меңгерген дағдыларды бекіту.</p>	

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Отырғыштар мен ойындар»
Мақсаты: Жиһаздар жөнінде әңгімелей отырып, сапта бір бірден жүріп, сапта барлығы бірге ширақ және ырғақты қозғалып, музыка әуенімен маршпен жүруді үйрету. Сатының тақтайшарынан аттап жүру, тізелерін жоғары көтеру және екпінді қимылымен аяқтың басына тұру, денесін түзу ұстау, тұрақты тепе-теңдікті сақтау білігін бекіту.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Сыйқырлы сандықша»
Мақсаты: Жиһаздың пайдасын түсіндіру. Шеңберге тұруды үйретуді жалғастыру. Ырғақты қимылдап және музыкалық шығарманың әрбір бөлімінің басы мен аяғын белгілеп отырып бәріне бірге музыка әуенімен маршпен жүру. Көлбеу тақтай бойымен еңбектеуге жаттықтыру

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Ұшатын кілемше»
Мақсаты: Сапта бір - бірден жүріп, сапта барлығы бірге ширақ және ырғақты қозғалып, музыка әуенімен маршпен жүруді дағдыландыру. Қолбеу тақтай бойымен еңбектеуге жаттықтыру.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Айгүлге арналған диван»
(шығармашылық тілді дамыту)
Мақсаты: Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс атап айтуға, сөздік қорларын молайту, достыққа тәрбиелеу, заттың санын және көлемін білдіретін сөздерді меңгерту, үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету, жиһаздарды күтуге тәрбиелеу.

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Айна» ертегі
Мақсаты: Балаларды ертегіні түсініп мазмұнын мәнерлі айтуға үйрету, сөйлеуге, әңгімелей білуге үйрету. Балаларды ертегі желісі арқылы адамгершілікке баулу.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Жиһаздар»
Мақсаты: Балаларға заттарды көлемі, пішіні, түсі бойынша әр түрлі болатынын көрсете отырып, сөздегі үлкен-кіші, шаршы, шеңбер, сопақша пішіндерін сонымен қатар түстерді ажырата білу қабілеттерін әр түрлі ойындар арқылы қалыптастыру.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Тиінге арналған жиһаз»
Мақсаты: Балалардың жиһаздар туралы түсініктерін нақтылау, жиһаз бөліктері туралы білімдерін бекіту, тілін, зейінін, логикалық ойлауын дамыту, жиһаздарды күтіп – баптауға тәрбиелеу

Сурет салу
Тақырыбы: «Кілемшені әшекейлеу»
Мақсаты: балалардың тұрмыстық заттардың әдемілігін байқап білуге үйрету арқылы кілемшені түзу және ирек сызықтармен әшекейлей білуге үйрету. Әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру.

Жапсыру
Тақырыбы: «Түрлі – түсті теледидар»
Мақсаты: Мөлшерлері әртүрлі бөлшектерді салу және жапсыру жолымен теледидар бейнесін жасауды үйрету. Геометриялық шаршы фигурасын тани білуді бекіту. Көзбен мөлшерлеуді назар салуды, кеңістікте және парақ үстіне бағдарлай білуді үйрету.

1. Музыка
Тақырыбы: «Бөлмедегі жиһаздар»
 (А. Айтуова)
Мақсаты: Музыкаға деген қызығушылықтарын оятып, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру.

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: «Біздің үйде әдемі жиһаздар бар»
Мақсаты: Балаларды қоршаған ортадағы заттардың атаулары мен олардың міндеттерімен, үй жиһаздарымен, олардың жасалу материалдарын таныстыру. Жиһаздарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы : «Ыдыс-аяқ дүкені»
Мақсаты: Табанды бүгуді және орындықтан жартылай бүгілген аяқпен секіріп түзуді үйрету. Шеңберге тұра білуін бекіту. Төрт тағандап доғаның астынан еңбектеуге жаттықтыру.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Ыдыстарды жинап үйренеміз»
Мақсаты: Допты жоғарыға лақтыру және оны жазылған саусақтарымен алақаның қойып, қағып алуды үйрету. Орындықтан секіргеннен кейін тепе-теңдікті сақтау, бас пен денені түзу ұстау, алдыға қарай білуін бекіту.

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Сыйқырлы құмыра»
Мақсаты: Шеңберге тұра білуін бекіту. Төрт тағандап доғаның астынан еңбектеуге жаттықтыру. Допты жоғарыға лақтыру және оны жазылған саусақтарымен алақаның қойып, қағып алуды үйрету

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Қуыршақ Әйгерімге шәй дайындаймыз» (дидактикалық ойын) тілдің дыбысталу мәдениеті
Мақсаты: Заттарды топтастыруға, оларды атай білуге (ыдыс – аяқтар – қасық, шанышқы, кесе, тостаған) үйрету. Сұрақ – жауап әдісі арқылы таныс шығармалардың мазмұнын айтып беруге дағдыландыру. Сөздік қорларын толықтыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.

Орыс тілі
Тема: «Посуда»
Цель: Продолжать учить детей правильно отвечать на вопросы, ввести в активный словарь названия посуды, составлять словосочетания, использовать в речи подходящие по смыслу глаголы и прилагательные, формировать навыки образования существительных множественного числа.
 Развивать словесно-логическое мышление, связную речь.
 Воспитывать у детей желание говорить на русском языке.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Ыдыстар жинап үйренеміз»
Мақсаты: Бір және көп ұғымын бекіту. Заттарды оң қолмен солдан оң жаққа орналастыруды үйрету. Оң және сол ұғымдарын сөзде қолдануды қалыптастыру.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Қуыршақ Айгүлге ыдыстарды жинауға көмектесейік»
Мақсаты: Балаларды заттық ортада қасиетімен сапасы туралы түсінігін кеңейту. Ыдыстарды қарау, зерттеу, ажыратып олардың көлемін, түсін, пішінін, бөлшектерін және бөлімдерін атай білуге үйрету. Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Құрастыру
Тақырыбы: «Торсық» (қағаз бөліктерінен)
Мақсаты: Ыдыстармен таныстыра отырып, торсықпен таныстыру. Қатты қағаздан қиылған торсықты төрт бөліктен құрастырып жасауға, кеңістікті дұрыс бағдарлай білуге үйрету, ұлттық ыдыс туралы қарапайым түсінік беру, ыдысты ұқыпты ұстай білуге тәрбиелеу.

Сурет салу
Тақырыбы: «Кесені әшекейлеу»
Мақсаты: Балаларға ыдыстар туралы білімдерін кеңейте отырып, кесені әшекейлеуге үйрету. Қылқаламды дұрыс ұстай білу дағдысын үйрете отырып ирек сызықтар салуды үйрету. Шығармашылық қабілетін арттыру.

1.Музыка
Тақырыбы: «Көңілді қуыршақтар» (Г. Жотаева)
Мақсаты: Қуыршақ кейіпкерлер арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру, шығармашылыққа баулу, әуенді тындап, сипатын ажыратуға үйрету.

2.Музыка
Тақырыбы: «Көңілді қуыршақтар» (Г. Жотаева)
Мақсаты: Балаларға әнді қайталап, шығармашылыққа баулу, әуенді тындап, сипатын ажыратуға үйретуді әрі қарай жалғастыру.

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Ұшақтар»
Мақсаты: Еденге тігінен қойылған құрсаудан еңбектеп өтуге үйрету. Допты өзіне қыспай, жоғары лақтыру қағып алу білін бекіту.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Пойызбен саяхат»
Мақсаты: Гимнастикалық орындық бойымен жүруге үйрету, батырдықты дамыту. Еденге тігінен қойылған құрсау ішінен өту, қол мен аяқтың қозғалыстарын үйлестіру білігін бекіту.

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Автомобиль»
Мақсаты: Гимнастикалық орындық бойымен жүруге үйрету, батырдықты дамыту. Допты өзіне қыспай, жоғары лақтыру қағып алу білін бекіту.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Көліктер»
Мақсаты: Балаларға көліктер туралы түсінік беру және олардың түрлерімен таныстыру. Әр көліктің өз жүргізушісі болатынын және оларды атай білуге үйрету. Сұрақ жауап арқылы сөйлеу мәдениетін жетілдіре отырып, байланыстырып сөйлеуге дағдыландырып, тілдерін дамыту.

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Ұшақ»
Ж.Нұрханов
Мақсаты: Балаларды жалпы көлік түрлерімен таныстыру. Олардың атқаратын қызметтері туралы толық мағлұмат беру, өлеңнің мазмұнымен таныстыру, сөйлеу қабілеттерін дамыту.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Көңілді пойыздар»
Мақсаты: Балаларға ересектер мен балалардың іс-әрекеттерінің мазмұнының өзгеруі бойынша тәулік бөлігін ажыратуды үйрету. Балалардың геометриялық пішіндерді шеңбер, шаршы, үшбұрышты тану және оларды атау біліктілігін бекіту.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Автобус»
Мақсаты: Балаларға көліктің түрлерімен таныстыра отырып, автобустың пайдасын айтып, байланыстырып әңгімелеуге үйрету, қандай пішінге ұқсайтынын ажыратуға үйрету.

Сурет салу
Тақырыбы: «Көлік»
М/ты: Геометриялық пішіндерден (тік төртбұрыш, дөңгелек) тұратын заттың суретін салу дағдыларын қалыптастыру. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Мүсіндеу
Тақырыбы: «Ұшақ»
Мақсаты: Балалардың көліктер туралы білімдерін кеңейту, екі таяқшадан тұратын ұшақты бір – біріне қиылыстырып орналастырып қосу арқылы мүсіндеуге үйрету, ұсақ қол моторикасын жетілдіру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

1. Музыка
Тақырыбы: «Шыршамызға арнаймыз» (Е. Теличиева)
Мақсаты: Көңілді шатшадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту.

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: «Түрлі – түрлі көліктер»
Мақсаты: Балаларға жергілікті жағдайды есепке ала отырып, түрлі көлік құралдарын танып, атауды үйрету (автобус, трамвай, жүк көлігі, жеңіл көлік, тік ұшақ, кеме). Жол бөлігін ажыратып, атауды үйрету (жүру бөлігі және тротуар). Олардың атқаратын қызметтері туралы толық мағлұмат беру. Әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыру.

Ақпан айы, 2022 жыл

Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»

Мақсаты: Балаларға табиғатта болатын өзгерістер туралы түсінігін молайту. Айналадағы құстар, жануарлар, өсімдіктер туралы білімдерін толықтыру.

Табиғатты аялай білуге, қамқор болуға тәрбиелеу.

Міндеті: тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1 апта, 31 қаңтар-4 ақпан	Қыс қызықтары	<p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыс кереметі» Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Көлбеу қойылған саты бойымен қырындап өрмелеу. Тіреуштің жоғары алаңы бойымен жүруде денесін дұрыс қалыпты тепе-теңдікті сақтай білуін бекіту.</p> <p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қар жинаймыз» Мақсаты: Қар түсі жөнінде, оның ерекшелігін түсіндіру. Табанды бұғу және орындықтан секіріп, жартылай бүгілген аяқпен түсуді үйретуді жалғастыру, көлбеу қойылған саты бойымен өрмелеуді үйрету.</p> <p>3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кішкентай гномдар қонақта» Мақсаты: Тіреуштің жоғары алаңы бойымен жүруде денесін дұрыс қалыпты тепе-теңдікті сақтай білуін бекіту. Көлбеу қойылған саты бойымен өрмелеу.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көңілді қыс» Мақсаты: Балаларға қыс мезгілі жайында мазмұнды суреттерді қарастыра отырып, қысқы ауа райының құбылыстары жайлы түсінік беру. Табиғатты бақылап, өзгерістерді байқай білуге үйрету. Сурет бойынша әңгімелеуде байланыстырып сөйлеулерін дамыту. Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.</p> <p>Орыс тілі Тема: «Зима» Цель: Продолжать работу по обогащению и активизации словаря на русском языке, ввести в словарь детей слова о зиме и зимних явлениях в обществе и природе. Развивать устойчивость внимания, словесно-логическое мышление. Воспитывать чувство слова, интерес к занятиям.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Қысқы ойындар» Мақсаты: Балаларды жаңа геометриялық пішін үшбұрышпен таныстыру. Пішінді сезу, қозғалыс жолдарымен зерттеуде жаттықтыру. Заттардың пішіндерін алма-қандай пішінде, шырша қандай пішінді және т.б анықтауды бекіту.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Қыс мезгілі тамаша!» Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінің, ауа-райының, адамдардың киімдерінде қарапайым табиғи өзгерістерді байқауға үйрету, қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсінігін кеңейту. Танымдық сипатта сұрақтар қою және қоршаған табиғатқа қызығушылығын арттыру.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру, әртүрлі көлемдегі дөңгелектерден кеңістікті дұрыс пайдалана отырып, пішіндерді орналастыру, құрастыру.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Қар кесегі» Мақсаты: Балалардың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, бояумен жұмыс істеуге жаттықтыру. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.</p> <p>1. Музыка Тақырыбы: «Қыс күні» (Ж. Мұхамеджанова) Мақсаты: Қыс қызығы туралы айтып, қыс туралы ән үйрету. Музыканы тыңдап, сезініп, қуана білуге үйрету.</p> <p>2. Музыка Тақырыбы: «Қыс күні» (Ж. Мұхамеджанова) Мақсаты: Әнді қайталау арқылы қысқы ойындар мен мерекелер туралы әңгімелеу. Ән айту қабілеттерін дамыту.</p>	

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Әдемі гүлдер»
Мақсаты: Гүлдердің түрлеімен таныстыру. Саптізбекте саптаң шықпай, бағытты өзгерте отырып жүгіруді үйрету. Орындықтан секіргеннен кейін тепе-теңдікті сақтау, бас пен денені түзу ұстау, алдыға қарау білуді бекіту. Көлбеу қойылған саты бойымен өрмелеу.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Көбелектер гүлге қонды»
Мақсаты: Көбелектер гүлдерді ұнатаны жөнінде түсінік беру. Заттардың үстінен қос аяқтап екпінмен еденнен итеріліп қарғуды үйрету. Қимылдың бағытын өзгерте білуді, саптізбектің бұзбай жүру мен жүгіруді алмастыруға жаттықтыру. Гимнастикалық орындық бойымен жүруді үйрету.

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Қыдыруға барайық»
Мақсаты: Бас пен денені түзу ұстап, көлбеу қойылған саты бойымен өрмелеуді бекіту. Қос аяқпен заттың үстінен секіруді үйрету.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктері»
Мақсаты: Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді меңгертіп таныстыру. Оларды күтіп баптау керектігін және тірі табиғатқа жататынын түсіндіру. Олардың қасиеттерін (өседі, гүлдейді) терең ұғына тілуге үйрету.

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Көбейсін жасыл көшелер» өлең М. Заитов
Мақсаты: Өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту, табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу. Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Өсімдіктер»
Мақсаты: Балаларды геометриялық пішіндерге сәйкес қоршаған орта да заттарды таба білуді үйрету. Оларды қоршаған өмір заттарымен салыстыруды үйрету. Сөзде қарапайым ұғымдарды қолдана білу дағдыларын дидактикалық ойындар арқылы дамыту.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Ағаштар»
Мақсаты: Ағаштардың 2-3 түрін тану және атауын атауға үйрету. Қарапайым тәжірибе – зерттеу жұмысын жасау қабілетін дамыту, туған өлкенің өсімдіктер әлемін қорғауға деген құлшынысын арттыру. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Сурет салу
Тақырыбы: «Қар жамылған бұтақ»
Мақсаты: маусымдық құбылыстар туралы ұғымдарын кеңейте отырып, дайын бұтақтың суретін балаларға тарата отырып, мақталы таяқшамен көк түсті қағазға қардың суретін салу. Қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Эстетикалық талғамға, сурет салуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, ынталы болуға тәрбиелеу.

Жапсыру
Тақырыбы: «Жасыл шырша»
Мақсаты: дайын үш үшбұрыштан тұратын төменнен жоғары қарай үлгіні қағаз бетінің кеңістігіне дұрыс орналастырып, жапсыруды үйрету. Желімдеу тәсілдерін меңгерту. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.

1.Музыка
Тақырыбы: «Шырша жыры» (Б. Бейсенова)
Мақсаты: Берілген әнді тыңдау арқылы балалардың музыкалық есту қабілеттерін арттыру, әуенді ойын қимылдарымен көңілді және еркін көрсету.

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: «Айнала жасыл әлем-өсімдіктер»
Мақсаты: Балабақша айналасындағы өсіп тұрған өсімдіктерді танып, атай білу, бөліктерін ажырату дағдыларын қалыптастыру.Тірі табиғатқа, өсімдіктерге сүйіспеншілік пен қамқорлық танытуға тәрбиелеу.

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Бізде үй жануарлары қонақта»
Мақсаты: Үй жануарларын таныстыра отырып, допты тігінен төменге еденге лақтыру және секірген допты екі қолымен қағып алуды үйрету. Екпінді итеріліп және жартылай бүгілген аяқпен заттың үстінен жерге жеңіл түрде секіріп түсе білуін бекіту.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Үй қояндары»
Мақсаты: Үй жануарлары тураплы әңгімеле отырып, гимнастикалық орындықтың үстінен қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре секіріп түсуге үйрету. Доп секіргеннен кейін бір мезгілде допты қос қолымен екі жағынан ұстай білуді бекіту.

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Түйе мен ботақан»
Мақсаты: Екпінді итеріліп және жартылай бүгілген аяқпен заттың үстінен жерге жеңіл түрде секіріп түсе білуін бекіту. Гимнастикалық орындықтың үстінен қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре секіріп түсуге үйрету.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Орман иелері»
Мақсаты: Балаларды жабайы жануарлар жөнінде білімдерін кеңейту, балалары туралы түсініктерін байыту. Олардың сипаттық белгілерін байқай білуге үйрету, жабайы жануарларға тоқталу, сурет бойынша сөйлету арқылы тіл байлықтарын дамыту.

Орыс тілі
Тема: «Дикие животные»
Цель: Продолжать работу по обогащению и активизации словаря, ввести в словарь детей слова и выражения на русском языке, обозначающие диких животных, учить правильно отвечать на вопрос "Какой?" и составлять описательный рассказы. Развивать слуховое внимание, устойчивость внимания, словесно-логическое мышление. Воспитывать наблюдательность, любознательность.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Зоосаябаққа барамыз»
Мақсаты: Өзіне қатысты кеңестіктегі бағыттарды оң-сол, алды-арты, жоғары-төмен, алыс-жақын ұғымдарын ажырата білуге үйрету. Күнделікті іс-әрекетте қарапайым ұғымдарды қолдана білу қабілеттерін дамыту.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Жануарлар әлемі»
Мақсаты: Жабайы жануарлар мен үй жануарлары олардың төлдері туралы түсініктерін байыту, тіршілік ортасымен таныстыру, жануарларға деген жауапкершілік сезімдерін қалыптастыру, жағымды көзқарасты тәрбиелеу.

Құрастыру
Тақырыбы: «Жануарларға арналған қора»
Мақсаты: Үй жануарларымен таныстыруды жалғастыра отырып, жолақшаларды бір - біріне қатар орналастыру арқылы оның көлеміне, пішініне, түсіне қарай қора бейнесін жасай алуға дағдыландыру.

Сурет салу
Тақырыбы: «Тікенекті кірпі»
Мақсаты: Дайын кірпі бейнесінің тікенектерін жоғарыдан – төменге қарай қарындашпен сызу арқылы сурет салуға үйрету, жануарларды қорғауға, сурет салуда ұқыптылыққа тәрбиелеу.

1. Музыка
Тақырыбы: «Ақ қоян»
 (А. Айтуова)
Мақсаты: Ән үйрету арқылы балаларға музыка ырғағына сай жануарларға тән қимыл-қозғалысты көрсету. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтауды үйрету.

2. Музыка
Тақырыбы: «Ақ қоян»
 (А. Айтуова)
Мақсаты: Әнді қайталау арқылы әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Құстар әлемі»
Мақсаты: Құстар туралы мағлұмат беру. Бір кіпіштен екінші кіпішке тепе-теңдікті сақтап, аттауға үйрету. Қимыл координациясын дамыту. Кедергілер арқылы секіріп өту, қол мен аяқты үйлестіруін бекіту, ептілікті дамыту.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Ұядағы құстар»
Мақсаты: Құстарға ұя жасау керектігі жөнінде әңгімелеу. Шектеулі алаңда тепе-теңдікті сақтай білуін бекіту. Допты қақпаға домалатуда екпінмен итеруге жаттығу

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Торғайлар»
Мақсаты: Кедергілер арқылы секіріп өту, қол мен аяқты үйлестіруін бекіту, ептілікті дамыту. Допты қақпаға домалатуда екпінмен итеруге жаттығу.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Құстар толы аулада»
Мақсаты: Балаларға үй құстар жөнінде түсініктерін молайта отырып, олардың немен қоректенетінін, дауыстарын қалай шығаратыны, дене мүшелерін атату. Үй құстарына деген қамқорлық сезімдерін сездіру (тауық, этеш, балапан)

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Екі этеш»
ертегі
Мақсаты: Балаларды үй құстары жөнінде білімдерін кеңейту. Үй құстарына қамқорлықтарын сезіндіру. Ертегіні мұқият тыңдап, мазмұнын айтқызуға үйрету.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Құстарға қамқор болайық»
Мақсаты: Балаларға үстіне қою және жанына қою әдістерін пайдаланып, екі затты ені бойынша салыстыру, нәтижелерін кең, жіңішке, ені бірдей сөздерін қолданып белгілеуді үйрету.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Құстар алаңына бару»
Мақсаты: Балалардың қораз, тауық, балапан сияқты үй құстары туралы білімдерін кеңейте отырып, олардың тіршілігі туралы түсініп, айтып беруге үйрету. Олардың көбеюі, тіршілік етуі, табиғатқа әкелетін пайдасы туралы айта отырып, қамқорлықпен қарау.

Сурет салу
Тақырыбы: «Торғай»
Мақсаты: Құстар туралы жалпы мәлімет беру, әр бөлігін (денесін, қанаттарын, басын, көзін) даралап, дұрыс салғанын қадағалай отырып, құстың суретін салуды үйрету. Құстарды аялай білуге тәрбиелеу.

1. Музыка
Тақырыбы: «Құстар әні»
 (К. Қуатбаев)
Мақсаты: Балаларға қыстап қалатын құстар туралы түсінік беріп, оларға қамқор болуға тәрбиелеу. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімдерін ояту.

Мүсіндеу
Т/бы: "Құстың ұясы"
М/ты: домалатылған пішінді екі алақанның арасына салып, жаншу арқылы жалпайту тісілін пайдалан отырып, ішіне бамып енгізу арқылы құстың ұясын мүсіндеуді үйрету. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: «Құстар-табиғат көркі»
Мақсаты: Балаларға құстар туралы, құстардың қыста өмір сүрулері немен қоректенетінін, немен ерекшеленетіні туралы түсіндіру (немен қоректенеді, неге бірі қалып, екіншісі жылы жаққа ұшып кетеді, маусымдық құстар қашан ұшып келеді). Құстардың аттарын қайталату. Тірі және өлі табиғаттың өзара байланыстылығын көрсете отырып, құстарға ұқыптылықпен қарап, қорғай білуге тәрбиелеу.

Наурыз айы, 2022 жыл

Өтпелі тақырып «Салттар мен фольклор»

Мақсаты: Қазақстан Республикасында тұратын өзге ұлт адамдарына, олардың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне мейірімді және сыйластық қатынасқа тәрбиелеу.
Міндеті: Халықтық дәстүрді құрметтеп, ұлттық салт-дәстүрлердің маңызын түсіндіру, ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1 апта, 28 ақпан-4 наурыз	Аналар мерекесі	<p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ана біздің күніміз» Мақсаты: Аналар мерекесі жөнініле мағлұмат беру. Еденнен қос аяқпен екпінмен итеріліп, заттың үстінен қарғып түсуді үйрету. Жануарлардың бейнелік қимылдарын жеткізе білуін бекіту. Доптың қозғалыс бағытын сақтап, бір-біріне допты домалатуға жаттықтыру.</p> <p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің анам» Мақсаты: Аналардың мейрамы жөнінде әңгімелесу. Допты көтерілген қолдың биіктігінде керілген жіп арқылы 2 м арақашықтықта тұрып, қолды жазып лақтыруды үйрету. Заттың үстінен қос аяқпен секіруді бекіту.</p> <p>3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сандақтағы сыйлық» Еденнен қос аяқпен екпінмен итеріліп, заттың үстінен қарғып түсуді үйрету. Допты көтерілген қолдың биіктігінде керілген жіп арқылы 2 м арақашықтықта тұрып, қолды жазып лақтыруды үйрету.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: « Менің сүйікті анам»Мақсаты: 8- Наурыз аналар мерекесі туралы түсінік беру. Және мерекеге қызығушылықтарын арттыру. Өз аналары туралы пікір айтқызу арқылы анаға деген құрмет сезімдері мен ықыластарын білдіруге үйрету, аналарды құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Орыс тілі Тема: «Мамин праздник» Цель: Уточнить познания детей о признаках ранней весны, рассказать о пробуждении природы весной. Учить отвечать на вопросы полным предложением, называть слова и выражения, обозначающие весенние признаки и праздник 8 марта на русском языке. Развивать словесно-логическое мышление, воображение, связную речь, составлять предложения по картинкам. Воспитывать уважение и любовь к матери, бережное отношение к природе.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Аналарға сыйлаймыз» Мақсаты: Балаларға заттарды көлемі, пішіні, түсі бойынша әр түрлі болатынын көрсете отырып, сөздегі үлкен-кіші, шаршы, шеңбер, сопақша пішіндерін сонымен қатар түстерді ажырата білу қабілеттерін әр түрлі ойындар арқылы қалыптастыру.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Аналарды қадірлейміз» Мақсаты: Мемлекеттік 8 Наурыз мерекесімен таныстыру. Әйел адамдардың мамандықтарын жіктей білуді үйрету, әжесіне, апасына, анасына деген мейірімді қатынасын тәрбиелеу.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Анама сыйлық» (қағазды шыйыршықтау және бүктеу) Мақсаты: Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, анаға сыйлық жасау үшін қағаздан умаждап гүлдер жасай білуге үйрету, ата – ананы сыйлап, құрметтей білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Анама арналған моншақтар» Мақсаты: Аналар мерекесі туралы әңгімелей отырып, балаларға дөңгелек болып сызылған жіпке гуашь бояумен бірдей көлемде дөңгелек моншақтардың суретін салуды үйрету. Моншақтың сәндік бұйым екендігін түсіндіру арқылы эстетикалық талғамын дамыту. Көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.</p> <p>1. Музыка Тақырыбы: «Мерекеңмен анашым» (Б.Қыдырбек. И.Сапарбай) Мақсаты: Анаға деген сезімдерін ән арқылы жеткізуге үйрету. Ата-анасын сыйлауға, қастерлей білуге тәрбиелеу.</p> <p>2. Музыка Тақырыбы: «Мерекеңмен анашым» (Б.Қыдырбек. И.Сапарбай) М/ты: Әнді қайталату арқылы анаға деген сезімдерін ән арқылы жеткізуге үйретуді жалғастыру. Менгерген дағдыларды бекіту.</p>	

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Сақина салмақ»
Мақсаты: Наурыз мерекесі жөнінде толық мағлұмат беру. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу, көлденең салмадан дұрыс ұстау: 4 саусақ үстінен, бас бармақпен астынан. Допқа дұрыс траектория беру, қолды жайлап жазып, допты алға-жоғары бағыттай білуін бекіту

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Тақия тастамақ»
Мақсаты: Кедергілерден аттап жүруді үйрету: тізені жоғары көтеру және екпінді қимылмен аяқтың ұшына тұру, денені тік ұстау, тепе-теңдік сақтау. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсуді қайталау.

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Соқыр теке»
Мақсаты: Допқа дұрыс траектория беру, қолды жайлап жазып, допты алға-жоғары бағыттай білуін бекіту. Кедергілерден аттап жүруді үйрету:

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Санамақтар үйренейік»
Мақсаты: Халық ауыз әдебиеті туралы түсінік қалыптастыру. Балаларға санамақтар жаттатқызып, тілдерін дамыту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Түлкі, түлкі, түлкішек» өлеңі
Мақсаты: Көркем шығарманың мазмұнын зейін қойып тындауға. Халық ауыз әдебиетінің туындыларын тындауға деген қызығушылығын арттыру. Шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Ертегілер бізде қонақта»
Мақсаты: Балаларды геометриялық пішіндерге сәйкес қоршаған орта да заттарды таба білуді үйрету. Оларды қоршаған өмір заттарымен салыстыруды үйрету. Сөзде қарапайым ұғымдарды қолдана білу дағдыларын дидактикалық ойындар арқылы дамыту.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Суретті жұмбақтар»
Мақсаты: балаларды қазақтың халқының ауыз әдебиетінің бір түрі – жұмбақпен таныстыру, жұмбақ шешуін суреттер арқылы таба білуге үйрету, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Танымдық қабілеттерін жетілдіру.

Сурет салу
Тақырыбы: «Ертегі үйшік»
Мақсаты: Балаларға таныс геометриялық фигураларды үйлестіре отырып, үй салуды үйрету. Шеттен шығып кетпей, ішкі жағын бір бағытта бояуды үйрету. Көзбен мөлшерлеуді, қағаз парағында бағдарлай білуді дамыту. Ыждағаттылыққа және сурет салуға ынталы болуға тәрбиелеу.

Жапсыру
Тақырыбы: «Тышқан іні»
Мақсаты: Мақта қыз бен мысық ертегісі туралы түсінік бере отырып, жануарлар туралы білімдерін нақтылау, тышқанның мекені туралы түсінік беру, тышқанның дене бөлшектерімен таныстыру, жапсыру реттілігін қалыптастыру, жапсыруды талғаммен орындай білуге тәрбиелеу.

1. Музыка
Тақырыбы: «Қамажай» (Халық әні)
Мақсаты: Балаларға тақырып бойынша халық ауыз әдебиеті туралы түсінік беріп, музыканы тыңдап, сезініп, шаттана білуге, қуана білуге баулу.

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: «Кел, санамақ, санайық»
Мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиеті түрлерімен таныстыру, санамақ ойындары арқылы саусақтың аттарын үйрету, балалардың тілін дамыту, саусақтарының қимылын жетілдіру, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту арқылы балаларды ауызбірлікке, ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Сыйқырлы қоржын»
Мақсаты: Бір-біріне бөгет жасамай, кең қадам жасап тез қарқында жүгіруге үйрету. Аттап жүруде тепе-теңдікті сақтап жүруін бекіту. Тізені жоғары көтеріп, аяқ ұшына тұрып, саты тақтайшаларынан ырғақпен аттап жүруді бекіту.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Асық кімде?»
Мақсаты: Ұлттық ойындардың ерекшеліктерін түсіндіру. Екі аяқпен алма кезек секіруді үйрету. Көлбеу тақтай бойымен еңбектеу, қимыл координациясын дамытуға жаттықтыру

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Арқан тартыс»
Мақсаты: Көлбеу тақтай бойымен еңбектеу, қимыл координациясын дамытуға жаттықтыру. Бір-біріне бөгет жасамай, кең қадам жасап тез қарқында жүгіруге үйрету.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Бесік жыры» (шығармашылық элементтерімен әңгіме құрастыру)
Мақсаты: Балаларды ұлттық Наурыз мерекесімен, қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы мағлұмат беру. Халқымыздың салт – дәстүрлерін әңгімелеп беру арқылы бесік жырын тыңдату, сөздердегі дауыссыз дыбыстарды анық айтуға, тыңдалған бесік жырын қайталап айтуға үйрету.

Орыс тілі

Тема: "Весна"

Цель: Продолжать обогащать словарь детей лексическим материалом по теме, учить составлять короткий рассказ на русском языке по картине. Совершенствовать звукопроизношение. Развивать словесно-логическое мышление, воображение, связную речь. Формировать умение рассказывать о весне, бережное отношение к природе.

Математика негіздері

Тақырыбы: «Салт дәстүр»

Мақсаты: Балаларға үстіне қою және жанына қою әдістерін пайдаланып, көлемі мен саны бойынша екі түрлі тең және тең емес заттар тобын салыстыруды үйрету. Оң және сол қолды ажырату біліктілігін іс-тәжірибе арқылы дамыту.

Жаратылыстану

Тақырыбы: «Киіз үйге саяхат»

Мақсаты: Адамдар үйлерде тұратынын, ал ертеде адамның өмір сүретін орны – киіз үйлерде тұрған деп және ондағы заттың бәрі өмір сүруге ыңғайлы болу үшін жасалған деген – қарапайым түсініктерін қалыптастыру

Құрастыру

Тақырыбы: «Құрақ көрпе» (қиылған бөліктерден құрастыру)

Мақсаты: Қазақтың ұлттық тұтынатын бұйымдар жайында қарапайым түсінік беру, қиылған қағздарды түсіне, көлеміне қарай үйлестіре орналастыра алуға дағдыландыру, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.

Сурет салу

Тақырыбы: «Қазақтың ұлттық ою - өрнегінің екі элементі» (жолақша)

Мақсаты: Өрнекті кілемшені қазақтың ою - өрнек элементтерімен әшекейлей білуге үйрету. Ою - өрнектер туралы түсініктерін дамыту. Кілемшені «Қой ізі» және «ирексу» өрнегімен әшекейлеуді үйрету. Бояуды дұрыс пайдалана білуге, әсемдікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

1.Музыка

Тақырыбы: «Тұсау кесу» (Халық әні)

Мақсаты: Қазақтың киелі аспабы домбырамен таныстыру. Күй жанры туралы мағлұмат беру. Салт-дәстүр туралы түсінік беру.

2.Музыка

Тақырыбы: «Тұсау кесу» (Халық әні)

Мақсаты: Әнді қайталату арқылы салт-дәстүр туралы түсініктерін дамытып, аспаптардың дыбыстарын танып білуді жалғастыру.

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Көктем келді»
Мақсаты:
 Көктем мезгілінің ерекшеліктерін атай отырып, қандай өзгерістер болатындыры жөнінде түсінік беру.
 15 диаметрлік допты көлденен нысанаға қос қолмен төменнен лақтыру, доптың артынан қолдарын жазу, көзмөлшерін дамытуды үйрету. Екі аяқпен алма кезек секіруді бекіту.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Табиғат қандай тамаша»
Мақсаты: Шектелген алаңда алақаны мен тізесіне таянып еңбектеу. 2 м арақашықтықтан көлденең нысанаға допты қос қолмен төменнен лақтыруды бекіту.

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Көктем бағы»
Мақсаты: Шектелген алаңда алақаны мен тізесіне таянып еңбектеу.
 Аяқпен алма-кезек секіруді жаттықтыру.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Көктем келді, шуақ келді!»
Мақсаты: Педагогтің сұрақтарына байланысты жауаптар қайтаруға (қар ериді, күн жылынады, құстар ұшып келеді), сөз тіркестерін құрастыруға (күн ашық, гүлдер әдемі) үйрету. Көктемгі табиғатпен таныстыру және көктем ерекшеліктерін ұғындыру. Үлкендерге көмек көрсетуге баулу. Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу.

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Көктем өрнегі»
өлең Е. Өтетілеуұлы
Мақсаты: Өлеңнің мазмұнын түсінуге және есте сақтап қалуға үйрету. Көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы түсіндіру. Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Күлпырған көктем»
Мақсаты: Балаларға бір топтың заттарын екінші топтың заттарының үстіне қою және жанына қою әдістерін пайдаланып, саны және көлемі жағынан тең және тең емес заттарды салыстыруды үйрету.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Көктем құбылыстары»
Мақсаты: Табиғатта, ауа райында, жануарлар мен өсімдіктер әлемінде, адамдардың киіміне қарапайым маусымдық өзгерістердің түсінігін қалыптастыруды, байқауға үйрету. Күн жылына бастағанда тірі-өлі табиғат өзгеріп, айнала қоршаған (өсімдіктер, құстар, жануарлар) ояна бастайды. Көктем мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру, табиғатты бақылау, өзгерістерді ажырату, белгілеу. Алғашқы көктем гүлдерімен (бәйшешек, қызғалдақ) таныстыру, тамашалау. Балалардың табиғаттың маусымдық өзгерістер туралы түсінігін қалыптастыруды жалғастыру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

Сурет салу
Тақырыбы: «Күн жарқырып, шөп өсті»
Мақсаты: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу біліктіліктерін бекіту. Ұқыптылыққа, әдемілікке, тәрбиелеу.

Мүсіндеу
Тақырыбы: «Күн сәулесімен»
Мақсаты: Балаларға көктем туралы түсінік бере отырып, күн бейнесін сәулелермен мүсіндеуді үйрету, ұсақ саусақ бұлшықеттерін дамыту.

1.Музыка
Тақырыбы: «Көктем келді!»
 (Ж.Мұхамеджанова)
Мақсаты: Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: «Көктемгі құпиялар»
Мақсаты: Балаларға табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқап, көктем мезгіліндегі ауа-райы жағдайларын бақылап, анықтай ажырата білулерін жетілдіру. Көктемдегі табиғат ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту. Табиғатта, ауа райында, жануарлар мен өсімдіктер әлемінде, адамдардың киімінде қарапайым маусымдық өзгерістерді байқауға үйрету. Педагогтің сұрақтарына жауап беріп, талдай білуді тәрбиелеу.

Сәуір айы, 2022 жыл

Өтпелі тақырып «Табиғатты қорғап үйренейік»

Мақсаты: Балаларға қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту. Қоршаған ортаның әдемілігімен оған деген қамқорлық қарым-қатынасқа байланысты мейірімді сезімдерге тәрбиелеу. Жыл мезгілінің сипаттық белгілері туралы балалардың түсініктерін жүйелендіру, белгілерін еркін таба білуге үйрету.

Міндеті: Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, тіршілік иелеріне қамқор болып, аялауды ұғындыру. Үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1 апта, 28 наурыз-1 сәуір	Аялайық гүлдерді	<p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Гүлді баққа серуен» Мақсаты: Гүлдер, ағаштар ,өсімдіктер мен таныстыра отырып, Шектелген алаңда денесін тік ұстауды сақтап, алдына қарап, көлбеу тактаймен жүру. Қол мен аяқ қимылын үйлестіре білу. Еңбектей білуді бекіту.</p> <p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: Қысқа қадам жасап, жүгірістің бағытын сақтап баяу қарқында жүгіру. Шектелген алаңда тепе-теңдікті сақтап, көлбеу қойылған тактайдың үстімен жүре білуді бекіту.</p> <p>3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Гүлге су құю» Мақсаты: Тірі табиғат туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, қол мен аяқ қимылын үйлестіре білу. Еңбектей білуді бекіту. Шектелген алаңда тепе-теңдікті сақтап, көлбеу қойылған тактайдың үстімен жүре білуді бекіту</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жауқазын» Н.Айтов Мақсаты: Балаларды өлең жолдарын жаттауға жаттықтыру. Өлеңнің мәнісін түсініп айтуға, 2-3 сөйлемнен айтуға дағдыландыру.</p> <p>Орыс тілі Тема: «Весенние цветы» Цель: Расширить представления детей о цветах. Обогащать лексический запас за счет новых существительных и прилагательных. Развитие общих речевых навыков, Развивать зрительное восприятие, логическое мышление. Воспитывать любовь и бережное отношение к цветам, природе.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Құмырадағы гүл» Мақсаты: Балаларды ұзын-қысқа, ұзындықтары бірдей сөздерін пайдаланып, ұзындықтары бойынша екі затты көзбен салыстыру әдістерімен таныстыру. Әр түрлі ойындар арқылы оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: "Гүлдер, гүлдер, әсем гүлдер" Мақсаты: Балаларды бөлме гүлдерімен таныстыру. Бөлме гүлінің бөлшектерін (тамыры, сабағы, жапырақтары, гүлі) танып атауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Өсу реттілігін көрсетіп, танымдық қызығушылықтарын арттыру. Гүлдерді баптап,аялауға үйрету. Бөлме гүлдері мен дала гүлдерін ажырата білуге дағдыландыру.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Бақбақ» Балалардың қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, түрлі – түсті қағаздарды пайдалана отырып, бақбақ гүлін жасай білуге үйрету, гүлдерді аялауға тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Бақбақ гүлі» Мақсаты: Балалардың көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға көктемде өсетін бақбақтың бейнесін салуды үйрету. Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>1.Музыка Тақырыбы: «Күнбағыс» (Ж. Мұхамеджанова) Мақсаты: Гүлдердің әсемдігін музыка әсерімен түсіндіру.Классикалық музыкамен, композитормен таныстыру. Үш түрлі көңіл-күйді музыкалық ойында бере білу.</p> <p>2.Музыка Тақырыбы: «Күнбағыс» (Ж. Мұхамеджанова) Мақсаты: Тақырып бойынша әнді қайталау арқылы көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеуді және ән айту қабілеттерін ары қарай дамыту.</p>	

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Еңбекқор жәндіктер»
Мақсаты: Жәндіктер туралы түсініктерін кеңейту. Еңбекқор жәндіктердің еңбегін бағалауға үйрету. Допты кеудеден қос қолмен көлденең нысанаға лақтыруды. Еденге тігінен қойылған 3 құрсаудың астынан өтуді бекіту.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Құмырсқалар»
Мақсаты: Құмырсқалардың тіршілігімен таныстыру. Допты лақтыруға жаттығу. Қол ұстасып бір-біріне бөгет жасамай, тез шеңберге тұрып жүре білуге жаттығу

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Өрмекшілер»
Мақсаты: Өрмекшілер жөнінде түсініктерін молайту. Ырғақпен, баяу қарқында қолдарымен еркін қимылдап, шеңберді тарылтпай жүгіру.. Еденге тігінен қойылған құрсаудан өтіп еңбектеуге жаттығу

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Жәндіктер әлемі»
Мақсаты: Балалардың жәндіктер туралы түсінігін анықтау және кеңейту. Ерекшеліктері мен ұқсастықтары табуға, жалпы қасиеттері бойынша топтауға үйрету (шыбын, инелік, құрттар, құмырсқа, көбелек т.б.) Балалардың жәндіктерге қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Көбелек» өлең А.Сәрсенов
Мақсаты: Балаларға жәндіктер туралы мағлұмат беру. Жәндіктердің түрерімен таныстыру, оларға қамқор болуға тәрбиелеу. Көркем сөздің бір тұтас қабылдауын қалыптастыру. Мазмұнын түсінуге көмектесу.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Еңбекқор жәндіктер»
Мақсаты: Балаларға үстіне қою және жанына қою әдістерін пайдаланып екі затты биіктігі бойынша салыстыру және жұмыс нәтижелерін жоғары-төмен, биіктіктері бірдей сөздерін қолданып белгілеуін үйретуді жалғастыру. Сөзде астында, үстінде, ішінде, сыртында сөздерін қолдану дағдыларын дамыту.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Құмырсқаға көмектесеміз»
Мақсаты: Жәндіктер (құмырсқа) туралы түсінік беру, ерекшелігін сипаттау (тіршілігі, немен қоректенуі, сыртқы түрі, қозғалысы, дыбысталуы, мекендейтін ортасы). Күн жылына бастағанда табиғатта өзгерістер болатыны туралы еске түсіру. Қоршаған ортаның сұлулығы мен жәндіктер әлеміне деген қамқорлық қарым –қатынасқа байланысты мейірімді, құштарлық сезімдерін тәрбиелеу.

Сурет салу
Тақырыбы: «Көбелекті әсемдейміз» (дақтар салу)
Мақсаты: Балаларды дақ бейнеленген қағазды бүктеу арқылы және көбелектің жетпей тұрған бөлшектерін (бас, мұрт) суретін салып бітіруге үйрету.

Жапсыру
Тақырыбы: «Шөптегі жасыл құрт»
Мақсаты: Балалардың қол қимыл әрекетін жетілдіру, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін, тілін дамыту, жәндіктерге деген қамқорлық сезімдерін ояту, балаларды ұқыптылыққа, еңбекке тәрбиелеу.

1.Музыка
Тақырыбы: «Бақа, бақа, бақ-бақ» (Қ. Қайым)
Мақсаты: Жәндіктер туралы түсінік беріп, шығармашылыққа баулып, әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға үйрету.

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: «Ғажайып жәндіктер әлемі»
Мақсаты: Балаларды жәндіктер әлемімен таныстыру. Ерекшеліктерін сипаттау (тіршілігі, немен қоректенетіні, сыртқы түрлері, қозғалыстары, дыбыстары, мекендейтін ортасы). Ара, құмырсқаның өзіндік ерекшелігімен таныстыру, балдың денсаулыққа пайдасы туралы, құмырсқаның еңбекқорлық қасиетін түсіндіру. Жәндіктерге деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу.

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Аттар»
Мақсаты: Алақан мен тізеге сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу (2-3 рет)
 2 м арақашықтықтан кеуде тұсынан қолмен көлденең нысанаға лақтыруды бекіту.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Орамал тастамақ»
Мақсаты: Шектелген алаңда тепе-теңдікті сақтап, бөрене бойымен жүруді үйрету. Төрт тағандап еңбектеп модуль арқылы асып түсуді үйрету.

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Айгөлек»
Мақсаты: Шектелген алаңда тепе-теңдікті сақтап, бөрене бойымен жүруді үйрету. Допты дұрыс ұшыру, қолды екпінді қимылмен жаза білуді бекіту.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: « Ерке төлдер»
М/ақсаты: Педагогтің көмегімен үй жануарлары туралы қысқа әңгіме құрастыруды, жануарлардың төлдерінің аттарын жекеше, көпше түрде атауды үйрету (бота - ботақандар, құлыншақ - құлыншақтар). Жануарларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Орыс тілі
Тема: «Домашние животные и их детеныши»
Цель: Продолжать работу по обогащению и активизации словаря, ввести в словарь детей слова и выражения на русском языке, обозначающих домашних животных и их детенышей. Развивать слуховое внимание, устойчивость внимания, закреплять правильное произношение согласных звуков. Воспитывать наблюдательность, бережное отношение к домашним животным.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Жайлаудағы киіз үй»
 М/ты: Балалар екі затты ұзындықтары бойынша үстіне қою әдісін пайдаланып, ұзынырақ, қысқалау, ұзындықтары бірдей сөздерін салыстыруды үйретуді жалғастыру. Бір және көп ұғымдарын сөзде қолдану қабілеттерін дамыту.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Үй жануарларына қамқорлық жасаймыз»
Мақсаты: Балаларды үй жануарларымен таныстыру, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру. Көктем мезгіліндегі жануарлардың тіршіліктері туралы білімдерін қалыптастыру. Жануарларға қамқор бола білуге, жанашырлық сезімін ояту.

Құрастыру
Тақырыбы: «Лақтар мен боталарға арналған қоршаулар»
Мақсаты: Құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыруға және оның көлеміне, пішініне, түсіне қарай қоршаулар жасай алуға дағдыландыру, үй жануарлары туралы қарпайым түсініктер беру және оларға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

Сурет салу
Тақырыбы: «Жануарларға арналған шөп»
Мақсаты: Балалардың шөп туралы түсініктерін, сөздік қорларын жетілдіру. Қылқаламды пайдаланып, үзік түзу сызықтарды сызу арқылы шөптің суретін салуға қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық талғамын дамыту, жануарларға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

1.Музыка
Тақырыбы: «Тұлпарым»
 ()
Мақсаты: Тақырып арқылы жануарлардың мінез-құлық, іс-қимылдарын музыка арқылы берілуін түсіндіру. Әнді мәнерлі айтуға үйрету.

2.Музыка
Тақырыбы: «Тұлпарым»
 ()
Мақсаты: Балаларға әнді қайталау арқылы ән айтуға дағдыландыру. Достыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Күн мен жаңбыр»
Мақсаты: Бір аяғын алдына шығарып, екіншісін оның артына қойып, аяқтың ұшын бір-біріне жалғап адымдап жүре білуін бекіту. Шектелген алаңда тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Балықшылар»
Мақсаты: Қимылмен музыкалық бейнені бере білуді жетілдіру. Аласа заттардың үстінен бірінен соң бірі секіріп өту, қос аяқпен бір мезгілде екпінмен итерілу, қол мен аяқ қимылын үйлестіре білуін бекіту.

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Кемпірқосақ»
Мақсаты: Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу. Заттардың арасынан қос аяқ аяқпен секіруді үйрету.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Табиғат кереметтері»
Мақсаты: Балаларға сұрақ – жауаптар арқылы табиғаттың сұлулығын білуге, оған қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру. Табиғатты ластамауға, оларға зиян келтірмеуге үйрету.

Көркем әдебиет
Тақырыбы: "Ағаштар" әңгіме. М. Зайытов
Мақсаты: Шағын әдеби шығарманы тыңдап, мазмұнын айта білуге үйрету, табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын арттыру.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Табиғат тамаша»
Мақсаты: Қоршаған орта жағдайында бір және көп ұқсас заттар табу біліктілігін арттыру. Бір және көп ұғымдарын сөзде қолдану қабілеттерін дамыту.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Табиғатты қорға»
 Балаларды қоршаған орта, табиғат пен тіршілік арасындағы байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту. Табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру. Табиғат, оның байлығын қорғау, күту туралы түсініктерін дамыту. Табиғатқа деген қамқорлықтарын, сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.

Сурет салу
Тақырыбы: «Көк шалғын»
Мақсаты: Балаларға көк шалғын жайлы түсініктерін жетілдіру, қылқаламды пайдаланып, үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, эстетикалық талғамын жетілдіру.

Мүсіндеу
Тақырыбы: «Алаңқайдағы саңырауқұлақтар»
Мақсаты: Балаларды саңырауқұлақтармен таныстыру, олардың орманда өсетіні жайлы түсініктерін кеңейту, екі бөліктен тұратын қалпағы мен аяғын біріктіру тәсілін қолдана отырып дамыту, табиғатқа деген қызығушылығын қалыптастыру.

1. Музыка
Тақырыбы: «Көктем келді» (Б. Бейсенова)
Мақсаты: Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: «Бізді қоршаған орта»
Мақсаты: Балаларға айнала қоршаған орта туралы білім беру. Біз жерде өмір сүреміз, төбемізде аспан, аспанда күн, айнала жасыл желек қоршайтынын меңгерту. Қоршаған ортаға, табиғатқа деген сүйіспеншілікпен эмоционалды елгезектікпен жағымды, қамқорлықпен қарауды қалыптастыру.

Мамыр айы, 2022 жыл

Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін»

Мақсаты: Балаларға қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту, адамгершілік қасиеттерін анықтау. Қоршаған ортаның әдемілігімен оған деген қамқорлық қарым-қатынасқа байланысты мейірімді, достық сезімдерге тәрбиелеу.

Міндеті: балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді, жақын адамдарына сүйіспеншілікті, оларға қамқорлық жасауға ынтықсын, өзінің туған қаласына, өз еліне құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеуге ықпал етеді.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйледі дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1 апта, 25 сәуір-29 мамыр	Достық біздің тірегіміз	<p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тату балалар» Мақсаты: Бір қолмен алысқа лақтыруды үйрету, лақтыру күшін дамыту. Қолды сермеу қимылы мен итерілуді үйлестіріп, еденнен екпінмен итеріліп, заттың үстінен аттап өте білуін бекіту.</p> <p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді достар» Мақсаты: Шектелген алаңда еңбектеп жаттығу. Көз мөлшерін дамыта білуін бекіту.</p> <p>3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Дос болайық» Мақсаты: Қолды сермеу қимылы мен итерілуді үйлестіріп, еденнен екпінмен итеріліп, заттың үстінен аттап өте білуін бекіту. Шектелген алаңда еңбектеп жаттығу.</p>	<p>Сөйледі дамыту Тақырыбы: «Ағайынбыз бәріміз» Мақсаты: 1-мамыр халықтар достығы мерекесімен таныстыру. Достыққа, ынтымақтастыққа тәрбиелеу. Өзге халықтардың мәдениеті туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Орыс тілі Тема: «Мы дети дружной страны» Цель: Формировать духовно-нравственное отношение к культурному наследию и толерантное отношению к другим национальностям, проживающим в нашей Республике. Закреплять представление о Казахстане как о дружной стране, где живут в мире и согласии представители разных национальностей. Развивать интерес к культуре и традициям тех, кто живет рядом с тобой.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Екі дос» Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдері, олардың ерекшеліктері туралы үйретуді жалғастыру. Жыл мезгілдерін атай білу қабілеттерін дамыту. Әр түрлі суреттерге қарап қай жыл екенін ажырату қабілеттерін арттыру.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Ақпыз, қара, сарымыз, ағайынбыз бәріміз» Достық туралы, өзге халықтардың мәдениеті туралы түсініктерін қалыптастыру. Өзінің есімін, тегін атай білуге жаттықтыру, топтағы балаларды атымен атауды үйрету, «ұл», «қыз» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту, адамдармен қарым-қатынасқа түсу арқылы өзін тұлға ретінде жүзеге асыру.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Жалауша» Мақсаты: Қиылған қағаз пішіндерінен жалаушалар құрастыру біліктерімен дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достыққа, ынтымақтастыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Түрлі түсті шарлар» Мақсаты: Балаларға дөңгелек, сопақша пішіндерді салуға жаттықтыру, оларды әдемі етіп әр түспен бояу арқылы эстетикалық талғамының дамуына мүмкіндік туғызу. Екі түрлі қылқаламмен жұмыс істеулерін дамыту.</p> <p>1.Музыка Тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін!» (А. Островский) Мақсаты: Ән мазмұны арқылы мейірімділікке, достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.</p> <p>2.Музыка Тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін!» (А. Островский) Мақсаты: Әнді қайталау арқылы халықтар достығын насихаттау. Әр ұлт музыкасынан хабардар болу. Әуен аяқталуын дәл аңғару.</p>	

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Аяқпен топ-топ»
Мақсаты: Дене бітімін тік ұстауды сақтап, гимнастикалық орындық бойымен жүруді үйретуді жалғастыру. 4 саусақ үстінен, бас бармақпен астынан – көлденең салмадан дұрыс ұстап, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсе білу.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Біз шапшаңбыз»
Мақсаты: Шынығудың пайдасын түсіндіру. Өзінің әрекетін басқалармен үйлестіріп, педагогтың тапсырмасын орындауды үйретуді жалғастыру. Белгі бойынша қимыл бағыттарын өзгерту, сапта жеңіл және ырғақпен қозғала білуді бекіту

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Біздің қолымыздан келеді»
Мақсаты: 4 саусақ үстінен, бас бармақпен астынан – көлденең салмадан дұрыс ұстап, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсе білу. Белгі бойынша қимыл бағыттарын өзгерту, сапта жеңіл және ырғақпен қозғала білуді бекіту.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Ғажайып қорапша»
Мақсаты: Балаларға ойыншықтардың неден, қандай материалдан жасалғаны туралы түсінік бере отырып, сипаттай білуге, салыстыруға үйрету. Қойылған сұрақтарға сөйлем құрай білуге, толық жауап беруге үйрету. Сөздерді көпше және жекеше түрде атап, септік жалғауларын қолдану.

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Үй гүлі»
 О. Асқар
Мақсаты: Өлеңді зейін қойып тыңдауды үйрету. Өлеңде айтылғандай гүлді отырғызып, балаларға тәжірибе жасату. Гүлдерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Бірге ойнап, танимыз»
Мақсаты: Балаларға үстіне қою және жанына қою әдістерін пайдаланып, екі затты ені бойынша салыстыру, нәтижелерін кең, жіңішке, ені бірдей сөздерін қолданып белгілеуді үйрету.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Табиғат бұрышындағы су патшалығы»
Мақсаты: Аквариумдағы балықтар туралы балалардың түсінігін анықтау және кеңейту. Бақылай білуін дамыту, бақылаудан алған әсерлерімен бөлісу. Барлық тіршілік иелеріне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Сурет салу
Тақырыбы: «Шар мен доп»
Мақсаты: Балалардың екі затты салыстыра отырып, дөңгелек пен сопақша пішіндерді ажырату, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтату, түрлі – түсті қарындашты пайдалана отырып, сурет салуға, бояуға үйрету, қызығушылықтарын арттыру.

Жапсыру
Тақырыбы: «Ақша бұлттар»
Мақсаты: Балаларды қалдық құралдарды пайдалана отырып, дайын бейнені өз шығармашылықтарын дамытып, толықтыра білуге үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу арқылы ой-өрісін жетілдіру, шығармашылық қабілетін арттыру.

1.Музыка
Тақырыбы: «Біз ойнаймыз, ойнаймыз» (М. Дауылбаев)
Мақсаты: Балаларға ән айтуды үйрету арқылы әуен ырғағын тыңдап, ән мәтініне сәйкес еркін қимылдауларын қадағалау.

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: «Сумен зерттеу жұмыстары»
Мақсаты: Балаларды сумен зерттеу жұмыстарын жүргізуге қызығушылықтары н арттыру, судың бірнеше қасиеттері (түсін, дәмін өзгертуге, мұзға айналуы) туралы білімдерін жетілдіру, суды шашпауға, үнемдеуге тәрбиелеу.

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Сызықты басып кетпе»
Мақсаты: Алға қарай жылжып, белгі бойынша тоқтап, қос аяқпен секіруге үйретуді жалғастыру. Бір қолымен алысқа лақтыру кезінде қолды екпінмен жаза білуді бекіту.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Ирек жолмен жүру»
Мақсаты: Допты лақтырып жаттығу. Еңбектеп жаттығу. Педагогке допты лақтырып жаттығу, келген допты саусақтарының арасын ашып, алақанды жайып қағып алуды үйретуді жалғастыру. Доғаның астымен еңбектеп жаттығу, ептілікті және қимыл координациясын дамыту.

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Аяқ іздерді басып, құлап кетпей жүру»
Мақсаты: Бір қолымен алысқа лақтыру кезінде қолды екпінмен жаза білуді бекіту. Доғаның астымен еңбектеп жаттығу, ептілікті және қимыл координациясын дамыту.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Абайла, балақай!» (суретпен жұмыс)
Мақсаты: Балаларды үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы қарапайым ережелерімен таныстыру, бағдаршаммен, жолда жүру ережелерімен таныстыруды жалғастыру, жолда қауіпсіз жүру дағдыларын дамыту. Торап, жүргінші жол, тротуар, жаяу жүрушілерге арналған өтулер, жол белгілері, бағдаршам түсініктерін бекіту. Жолда сақ болып жүруге үйрету.

Орыс тілі
Тема: «Береги себя»
Цель: продолжать учить детей понимать рускую речь. Закреплять умение самостоятельно использовать ранее изученный материал. Активизация словаря по пройденного в течение учебного года материалу, закрепить правильное произношение согласных звуков. Формировать уважение к русскому языку и желание его изучать.

Математика негіздері
Тақырыбы: «Сақ болайық!»
Мақсаты: Балаларға заттардың бір немесе көп болу мағынасы мен олардың кеңістікте әрқалай орналасқандығы туралы түсіндіру. Қоршаған орта жағдайында берілген заттардың санын табуды үйрету. Заттарды біреу және көп топтарын салыстыру қабілетін бекіту.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Серуен бізге не үшін қажет?»
Мақсаты: Балаларға серуенге шығар алдында өмір қауіпсіздік ережелерін еске түсіру. Серуендеуде мінез – құлық қауіпсіздік негіздерімен таныстыру (ересектерден алыстап кетпеуге, ересектердің рұқсатынсыз өткір, белгісіз заттарды қолдануға, отпен ойнамау, басқа да өзінің денсаулығына зиян келдітерін қауіпсіздік ережелерін сақтау)

Құрастыру
Тақырыбы: «Жаяу жүргіншілерге, машиналарға арналған тар және кең жолдар»
Мақсаты: Балаларды жаяу жүргіншілерге арналған тар және кең жолдарды құрылыс материалдарынан құрастыру, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарынан кеңістікте дұрыс орналастыра білуге үйрету, өзара қарым – қатынас мәдениетін тәрбиелеу.

Сурет салу
Тақырыбы: «Бағдаршам»
Мақсаты: Балаларды дөңгелек пішінді салуға жаттықтыру. Өздері салған дөңгелектерді қылқаламмен бояу арқылы эстетикалық талғамының дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.

1. Музыка
Тақырыбы: «Машина» (К.Қуатбаев)
Мақсаты: Ән айтуды үйрете отырып, үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы түсінік беру. Ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылықтарын арттыру.

2. Музыка
Тақырыбы: «Машина» (К.Қуатбаев)
Мақсаты: Тақырыпқа байланысты әнді қайталау арқылы әнді дұрыс жаттағандарын қадағалап, балаларға музыкалық ырғақ арқылы әдемі көңіл-күй сыйлау.

1. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Шуақты жаз келді»
Мақсаты: Жаз мезгілінің ерекшеліктерін айта отырып, табиғат құбылыстарын түсіндіру. Алаңның бір жағынан екінші жағына жеңіл және ырғақты қимылдауды үйрену, өзінің қимылдарын басқа балалардың қимылдарымен үйлестіру. Заттардан аттап жүруде тұрақты тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту. Біріне бірі бөгет жасамай, тура секіртпемен алға қарай жылжуға жаттықтыру.

2. Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Күн мен түн»
Мақсаты: Екпінмен, қос аяқпен итеріліп құрсауға секіру және одан секіріп шығуды үйрету. Тақтай боймен қырындап, сатының көлденең тақтайшаларынан дұрыс ұстап өрмелей білуді бекіту. Төрт тағандап еңбектеп жаттығу.

3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: Алақай ойындар»
Мұты: Біріне бірі бөгет жасамай, тура секіртпемен алға қарай жылжуға жаттықтыру. Төрт тағандап еңбектеп жаттығу.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Жайдарлы жаз» (сурет бойынша әңгіме)
Мақсаты: Балалардың жаз айының қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатта, ауа – райында, өсімдік әлемінде, адамдардың киімінде қарпайым маусымдық өзгерістерді байқауға үйрету. Қоршаған әлемнің сұлулығы мен оған қамқорлық қарым – қатынаспен байланысты эстетикалық қабылдауды, әсерленушілікті тәрбиелеу.

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Жарқын жаз»
А.Омарова
Мақсаты: Балаларды жаз мезгілі туралы білімдерін тиянақтау. Жаз мезгілінде болатын ерекшеліктерімен таныстыру. Өлеңнің мағынасын ұғынуға талпындыру. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру

Математика негіздері
Тақырыбы: «Жаз келді, алақай!»
Мақсаты: Қоршаған орта жағдайында бір және көп ұқсас заттар табу біліктілігін арттыру. Бір және көп ұғымдарын сөзде қолдану қабілеттерін дамыту

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Жаз қызықтары»
Мақсаты: Жазғы табиғат ерекшелігін бақылауға, өзгерістерін сипаттауға үйрету. Жаз мезгілінің сипаттық белгілері туралы балалардың түсініктерін жүйелендіру, белгілерін еркін таба білуге үйрету, табиғатқа, оның құбылыстарына деген жақсы көзқарасты тәрбиелеу.

Сурет салу
Тақырыбы: «Алақай, жаз келді!»
Мақсаты: Балалардың жазғы табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Жаздың бейнесін сюжетті сурет салу барысында гүлдерді, шөптерді қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Қылқаламмен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.

Мүсіндеу
Тақырыбы: «Шуақты күн»
Мақсаты: Ермексазды шымшып алып, есу, домалату тәсілі арқылы күнді мүсіндеуді үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға, тазалыққа тәрбиелеу.

1. Музыка
Тақырыбы: «Күнбағыс»
Мақсаты: Балаларға жаз туралы түсінік беріп, ән тыңдауға баулып, көңіл-күй сезімдерін ояту.

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: «Жаймашуақ жаз келді!»
Мақсаты: Табиғатта, өсімдік әлемінде, адамдардың киімінде қарпайым маусымдық өзгерістерді үйрету. Жаз мезгілінің кейбір сипаттық ерекшеліктері жайлы білімдерін жетілдіру, табиғатты бақылау дағдыларын дамыту. Табиғат құбылыстарына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.